



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕНБИ, 29 МАУСЫМ, 2024 ЖЫЛ №72 (23 394)

www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

МАРАПАТ

Ерен еңбек еленген күн



Сурет: Akord.kz сайтынан

28 маусым – Масс-медиа қызметкерлері күніне орай Ақордада өткен салтанатты жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев республикалық ақпарат құралдары ғана емес, өңірлердегі жетекші телеарналардың, газет-журналдардың, ақпараттық ресурстардың өкілдерін мерекеміз құттықтаған болатын. Шара барысында отандық журналистиканы дамытуға айрықша еңбек сіңірген бірқатар азаматтарға мемлекеттік наградалар табысты. Бұл қатарда «Сауатқа аяраға» медиахолдингінің директоры Қайрат Әбілда да бар. Қарымды қаламгер, білікті басшы мемлекеттік награда – «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Салтанат ІЛИАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Еңбек жолын облыстық газеттің тілшілігінен бастап, өңірлік, республикалық басылымдарда жауапты қызметтер атқарған Қайрат Жүнісұлы бүгінде басқару саласында тың бастамалар көтеріп, ұтымды ұсыныстар енгізіп жүрген білікті басшы, жаңашыл медиаменеджер. Журналистиканың мәртебелі мамандық екенін танытуда қолған алған игі істері бүгінде аймақтағы журналистер арасында кеңінен танымал.

«Мемлекет те, журналист те ұлт үшін қызмет етеді, ел тағдырын шешуге атсалысады. Өйткені ұлт баспасөзі мен ұлт мүддесі қай кезде де өзектес болған. Қазір де солай. Біздің мақсат-мұратымыз – ортақ», – деп, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы айтпақшы, Арқа журналистикасының дамуына сүбелі үлес қосып отырған Қайрат Жүнісұлының шығармашылық жолындағы ерен еңбегі жоғары марапатқа лайық.

Салтанатты жиында Мемлекет басшысы жиырма екі жасардың басындағы қазақ зиялылары баспасөзге түгел атсалысқанын, бұл салаға ағартушылық

сипат бергенін атап өтіп, аға буынның осы сара жолын лайықты жалғастыру қажет екендігіне ерекше тоқталған болатын. Дәл осы сара жолды жалғаса, ісіне адал берілген Қайрат Әбілданың тың бастамалары Арқаның ғана емес, мұқым қазақ журналистикасын дамытуға өзек болары сөзсіз.

Қайрат Әбілда еңбек жолын 1997 жылы облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің тілшісі болып бастаған. Әр жылдары «Сарыарқа самалы» газетінің бөлім меңгерушісі, «Қазақ спорты», «Спорт» республикалық апталықтарының шолушысы, «Шахтер» ФК медиа-офицеры, ҚР Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің баспасөз қызметінің жетекшісі, жеке тілші, республикалық «Egemen Qazaqstan» газетінің Қарағанды облысы бойынша меншікті тілшісі, бөлім меңгерушісі, осы газеттің бас редактордың орынбасары қызметтерін атқарған.

Арқа баспасөзінің абыройын асырған әріптесімізге шығармашылық қуат тілейміз.

МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Ақпарат алабының Алтын сұңқарлары

Кеше Масс-медиа қызметкерлерінің кәсіби мерекесі күнінде облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев бірқатар бұқаралық ақпарат қызметінің өкілдеріне кезекті рет «Алтын сұңқар» сыйлығын табыс етті. Салтанатты рәсімнің басында аймақ басшысы Мемлекеттік наградаларды табыстады. Журналистиканың дамуына қосқан елеулі үлесі үшін Мемлекет басшысының Жарлығымен «Құрмет» орденімен ақпарат саласының ардагері Екатерина Кузнецова мен филология ғылымдарының докторы, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің профессоры Вера Әбішева марапатталды.

Ерқанат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Түптеп келгенде Сіздердің кәсіби қызметтеріңіз елдің дамуына қомақты салым деп түсінеміз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев масс-медиа өкілдерінің қоғамдағы орны жайлы ерекше тоқталып өтті. Өңірімізде 188 бұқаралық ақпарат құралы тіркелген. Оның 90%-ы мемлекеттік емес ұйымға жатады. Мұның өзі ашықтыққа алғышарт деп бағамдарлық. Журналист алға тартқан сынды кез келген тарап болсын қабылдайды. Қоғамдағы кез



келген жағдай бізге Сіздердің азаматтық үндеріңіз арқылы жетеді. Оны әсте-әсте түзету – ортақ міндетіміз. Осындай өрліктеріңіз үшін, ерліктеріңіз үшін шынайы алғысымды жеткіземін! – деді аймақ басшысы құттықтау сөзінде.

Ал, «Алтын сұңқар» байқауына іріктеу биыл екі кезең негізінде өтті. Бірінші кезеңде үміткерлер арнайы интернет-ресурс арқылы өтініш берді. Осы кезең қорытындысы бойынша Қарағанды облысының жур-

налистер қауымы дауыс берді. Жиналған дауыстардың ең көп саны бойынша әр номинациядан 3 үміткер анықталды. Екінші кезеңде арнайы құрылған комиссия әр атам бойынша іріктелген 3 үміткердің ішінен жеңімпаздарды анықтады. Биыл «Алтын сұңқар» байқауына түскен өтінімдердің жалпы саны – 116. Барлығы 10 номинация бойынша 10 журналист және 1 жеңімпаз облыс әкімінің арнайы сыйлығымен марапатталды.



2-бет

Этножурналистиканың ең үздіктері

Қарағанды – еліміздегі ең ірі облыстардың бірі. Бұл жерде жүзден астам этнос өкілдері бейбітшілік пен тұрақтылықты ту етіп, ымыра-бірлікте тату-тәтті күн кешуде. Мемлекеттік саясатты жүзеге асыруда орны үлкен Қазақстан халқы Ассамблеясы қанатының астына жиылған этностардың облыстағы тыныс-тіршілігін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялап, таныстыруда, әлбетте, журналистердің орны үлкен екені айтпаса да түсінікті. Осы орайда облыстың ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» мекемесі жыл сайын аймақтың этножурналистері арасында «Сарыарқа – достық аймағы» атты шығармашылық байқау өткізуді дәстүрге айналдырған. Төрт аталым бойынша өткен байқау қорытындысы биыл да 28 маусым – Масс-медиа қызметкерлерінің мерекесінде жарияланды. Жеңімпаздарға марапатты облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев табыстады.

Салтанат ІЛИАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Байқаудың мақсаты – өңірлік этножурналистиканың дамуына ықпал ету, Қарағанды облысы Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметіне қоғам назарын аударуға, қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті насихаттауға атсалысқан дарынды журналистер мен блогерлерді ынталандыру.

Қазылар алқасы этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясаттың

мәні мен мазмұнын ашатын, мәдениетаралық диалогты дамытуға жәрдемдесетін, көп этносты Қазақстан халқының мәдениеті мен дәстүрінің озық үлгілерін ақпараттық кеңістікте насихаттаған, қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайту тақырыбын қозғаған журналистердің, сондай-ақ, облыс аумағында жұмыс істейтін блогерлердің де материалдарын қарастырды.

Сонымен, «Қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірліктің қазақстандық моделінің мәнін, Қарағанды облысы Қа-



зақстан халқы Ассамблеясының қызмет бағыттарын ашуға арналған үздік аналитикалық материал» аталымын «Бірінші Қарағанды» телеарнасының тілшісі – Гүлнұр Көкжиева иеленді.

«Жыл таңдауы» – этносаралық қарым-қатынасты нығайтуға, этностардың

интеграциясына, азаматтық бірегейлікті қалыптастыруға бағытталған үздік әлеуметтік маңызы бар медиа жобала «SARYARQA» каналының редакторы Светлана Шульц үздік деп танылды.

Ал, облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің жауапты хатшысы Жәлел Шалқар



«Этностар арасында мемлекеттік тілді танымал ету және қолдану аясын кеңейтуге арналған үздік материал» аталымын жеңіп алды.

«Үздік этноблогер» аталымын, яғни, өз контентінде этностардың интеграциясы мен азаматтық бірегейлікті қалыптастыруға бағытталған этносаралық келісім және жалпыұлттық бірлік тақырыбындағы материалдарды жариялап жүрген eKaraganda.kz ақпараттық агенттігінің тілшісі Анна Дябина жеңіп алды.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



• ВИЦЕ-МИНИСТРДІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Мектептер сапалы интернетке қосылады

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі Асхат Оразбек жұмыс сапары аясында облыс халқымен кездесіп және қабылдау өткізді. Вице-министр сөзінде ХҚО-лардың жұмысы, мемлекеттік қызметтер көрсету, ел мен өңірдегі телеком және IT саласының дамуы туралы айтты.



Сурет: министрлік сайтынан

Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Асхат Оразбектің айтуынша, облыстың халыққа қызмет көрсету инфрақұрылымы 21 халыққа қызмет көрсету орталығы (ХҚО), 43 бэк-офис, 92 Connection Point қолжетімділік нүктесі және 1 арнайы ХҚО-дан тұрады. Биылғы бес айда ХҚО-ларда 374 мың мемлекеттік қызмет көрсетілді.

Вице-министрдің сөзіне сүйенсек, қазіргі таңда 6,3 млн. отбасының деректері цифрландырылған. Бұл қиын өмірлік жағдайға тап болған отбасыларды анықтауға және 25 әлеуметтік маңызды қызметтерді көрсетуге мүмкіндік берді. Оның ішінде, көпбалалы отбасыларға, мүгедектерге, асыраушысынан айырылғандарға арналған жәрдемақылар мен төлемдерді қосқанда 800 мыңнан астам қызмет көрсетілді.

Облыс тұрғындары үшін өзекті мәселелердің бірі – сапалы байланыс және интернетке қолжетімділікті қамтамасыз ету. Бүгінгі таңда облыста 363 елді мекен бар. Осы орайда ADSL технологиясы бойынша фиксирленген интернетпен 90 елді мекен, ал ТОБЖ

технологиясы бойынша 112 елді мекен қамтамасыз етілген.

– Ұлттық жоба аясында Қарағанды облысының 13 ауылды елді мекені KazSat спутниктік жүйелері арқылы интернет желісіне қосылды. Сондай-ақ, Қарағанды облысындағы 106 мектептің 94-і Starlink спутниктік жүйесіне қосылған, – деп атап өтті вице-министр.

Министрлік бүгінгі таңда мобильді байланыс сапасын бақылау және жақсарту бойынша тұрақты түрде жұмыстар жүргізуде. Тексерулер жүргізу және айыппұлдарды арттыру операторларға көрсетілетін қызметтердің сапасына жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік берді. 2022 жылдан бастап байланыс қызметтерінің сапасыздығы үшін айыппұл 100-ден 1000 аялық есептік көрсеткішке дейін артты.

Айыппұлдар сомасының өсуі бұйрықтардың орындалуына әсер етті. Мәселен, 2022 жылы бұйрықтардың 30%-ы орындалса, 2023 жылы 65%-ды құрады.

Айта кеткен жөн, министрлік облыс әкімдігі және ұялы байланыс операторларымен бірлесіп, 2024-2027 жылдарға арналған байланыс және мобильді интернетті дамыту бойынша Жол картасын әзірлеп, қол қойды.

– Құжатқа барлық мәселелер мен оларды шешу жолдары енгізілген. Beeline операторы тарапынан облыстың 13 ауылдық елді мекенін кең жолақты мобильді интернетпен қамтамасыз ету жоспарланған. Сонымен қатар, облыстың 15 елді мекенін ұялы байланыспен және интернетпен қамтамасыз ету жоспарлануда. 2024 жылдың соңына дейін қосымша 18 базалық станция орнату, қалған 27 базалық станцияны 2025 жылы орнату жоспарлануда. Барлығы 58 базалық станция орнатылады, – деді Асхат Оразбек.

Сондай-ақ, қазіргі уақытта елде IT мамандарына сұраныс артып келеді. Мысалы, бағдарламалау мектептеріне гранттар (ваучерлер) берілмек. Биыл елдегі 82 IT мектебі оқушыларға 219 курс ұсынады. Облыс бойынша бағдарламаға 6 IT мектеп таңдалып, 174 ваучер бөлінді.

– Қарағандыда 2021 жылдың сәуір айынан бастап өңірлік IT-хаб «Terricon Valley» жұмыс істейді. Өңірлік хабтың ашылуы елдің IT саласының дамуына сандық және сапалық үлесін айтарлықтай арттырады, – деп

атап өтті министрлік өкілдері.

– Бұл технология, елді мекендерге талшықты-оптикалық желі тартылғанша, жұмыс істейді. «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы аясында 2027 жылдың соңына дейін облыстың 164 елді мекеніне талшықты-оптикалық байланыс желісін тарту жоспарлануда. Бірақ мұндай жүйенің дәстүрлі сапалы интернет инфрақұрылымы орнатылғанша ғана уақытша қызмет ететінін еске саламыз.

Дегенмен, мұның спутниктік байланыс ошағы екенін ұмытпаған ләзім. Қаржыландыру тетігіне келсек, облыс бюджетінен іске асады, – дейді Қарағанды облыстық ақпараттандыру, мемлекеттік қызмет көрсету және архивтер басқармасы басшысының орынбасары Мейірман Жұмаханов.

Қарағанды облысындағы Көкпекті ауылының оқу ордасы интернет нашар ұстайтын мектептердің тізіміне енген. Көкпекті жалпы білім беретін мектебінің директоры Гауһартас Жаймина Starlink орнатылғаннан кейін, ғаламтор жылдамдығының 10 есе өскенін айтады.

– BilimAl-мен жұмыс жасауға тамаша мүмкіндік жасалды. Бұрын интернеттің жылдамдығы мектеп бойынша 8 болса, барлық компьютер қосылғанға, 2-3-ке дейін түсіп қалатын. Енді ол қиындықтарды еңсердік, – дейді Гауһартас Жаймина.

Көкпекті мектебінде бүгінде 525 оқушы білім алады. Оқу ордасында 100 компьютер бар. Балалар мектеп айналасындағы 4 гектар аумақта ғаламтор желісіне еркін қосылады. Starlink-SpaceX арнайы интернет бағаналарын орнатуы қажет етпейді.

Шараға мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитетінің және министрліктің телекоммуникациялар комитетінің басшылығы, ұялы байланыс операторларының өкілдері, «Азаматтарға арналған үкімет» ҰАҚ және облыс әкімдігі қатысып, қатысушылар сұрақтарына жауап берді.

Ақпарат алабының Алтын сұңқарлары

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сонымен, «Мамандыққа адалдығы үшін» аталымы бойынша биыл ордалы 30 жылдығын атап өткен Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің журналистика кафедрасы марапатталса, «Белсенді өмірлік



ұстанымы үшін» номинациясы бойынша «Жана FM» радиостанциясының ұжымы үздік деп танылып, марапат радиостанция директоры Рустам Жамлихановқа табысталды.

«Объектив шебері» номинациясын «5 арна» телеарнасының телеоператоры Шалқар Алтынбеков жеңіп алды. «Ауыл тақырыбын үздік жариялау» аталымы негізінде ауыл туралы үздік жарияланымдары үшін облыстық «Сауатқа» телеарнасының жаңалықтар қызметінің редакторы Мақсат Бейсепаев марапатталса, «Әлеуметтік тақырыпты үздік жариялау» номинациясы бойынша арнаулы марапатты «Бірінші Қарағанды» телеарнасының журналисі Жаңабек Нар иеленді. «Өндіріс тақырыпты үздік жариялау» аталымында «КТК» телеарнасының Қарағанды облысы бойынша меншікті тілшісі Әйгерім Бұқтаева үздік деп танылды. «Алғашқы табыстар үшін» аталымында eKaraganda.kz ақпараттық агенттігінің тілшісі Евгения Вологодская жеңімпаз атанды. «Жылдың үздік шығармашылық жұмысы» номинациясы бойынша облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің медицина және әлеу-

меттік бағдарламалар бөлімінің аға тілшісі, әріптесіміз Жаная Омарбекова мараден үздік деп танылса, «Мәнер және атқарымдылығы үшін» номинациясында «Сауатқа ақпарат» медиахолдингінің дизайнер-монтажшысы Лола Қалышева жеңіске жетті. «Әлеуметтік желілердегі өзекті мәселелерді үздік жариялағаны үшін» номинациясында «5 арна» тілшісі Ирина Вабишевич марапатталды. Облыс әкімінің «Қарағанды журналистикасының дамуына қосқан үлесі үшін» арнайы сыйлығына ие болған алғашқы шығарылымының 85 жылдығын атап өтетін Бұқар жырау аудандық «Бұқар жырау жарышысы» газеті ие болды.

– Ақпарат саласында таспагер ретінде қызмет етіп жүргеніме 16 жыл болды. Расы керек, оқиғаны таспаға түсіріп жүргенімізбен, өзіміз таспаға сирек түсеміз. Осындай бір еңбегімізді елеп ескеріп, дауыс берген әріптестердің барлығына әрі жыл сайынғы игі шараға ұйытқы болған облыс әкімдігіне рахметімді жеткіземін, – деп ағынан жарылды «Алтын сұңқар» иегері Шалқар Алтынбеков.



Иә, салтанатқа ұласқан Арка төсінің ақпарат саласының майталмандарының мерейі осылай бір тасыды. Байқау жеңімпаздары «Алтын сұңқар» мүсімімен, дипломдар мен ақшалай сертификаттар еншіледі.

Суреттерді түсірген Жаңгелді ӘБДІҒАЛЫМ

Абай ауданын аралағанда...

Абай ауданында осы уақытқа дейін тындырылған да, әлі де атқарылатын шаруалар аз емес. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев осы аптада аталған аймақты аралаған сапарында олардың біразын көріп, танысып, нақты тапсырмалар берді.

Ержан ИМАШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Ең бірінші кезекте Ермағанбет Қабулаулы Дубовка ауылында болып, ондағы кәріз жүйелерін ауыстырып, жаңғырту ісінің барысына назар аударды. Бұл мәселені оның алдында облыс әкімімен болған кездесулерде ауыл тұрғындары сан мәрте көтерген еді. Енді, оған қажетті қаражат бөлінгеннен кейін ол жұмыстар қолға алынып, қазір мердігер ұйым кестеге сай жоспарланған 30 құбырдың 17 шақырымын төсеп те тастаған.

Ауданда алдағы қысқы жылыту маусымына дайындық қарқын алып, Абай қаласы мен Агрогородок ауылындағы кәріз жүйелері де жаңғыртылуда. Осы кала барсындағы сорғы станциясындағы сорғылар ауыстырылып, жөнделіп жатыр екен. Негізі, бұл станция Абай қаласындағы көпқабатты 252 үй мен 17 әлеуметтік-мәдени нысанды жылумен қамтамасыз етеді. Сол сияқты Абай қаласы, Южный мен Топар кенттерінің магистральдық жылу желілерінің 9 уақытша жөнделіп, 5,8 шақырым құбыры ауыстырылған.



Ермағанбет Қабулаулы Абай аймағының абағандырылып, жолдарының жақсы жөнделіп жатқанына да көңіл бөліп, әлі де жасайтын жұмыстың жеткілікті екенін ескертті.

Жаз мезгілінде өңір балаларының бос уақытын ұйымдастыру мәселесі де облыс әкімінің назарынан тыс қалмады. Белгілі болғандай, аудан бойынша бұл маусымда барлық спорт нысандары балалар үшін тегін көрінеді. Абай қаласы стадиондағы жүзу бассейнінде жеткіншектерге нұсқаушылар суда жүзуді үйретіп, қауіпсіздігін бақылайды.

Облыс әкімі бұл сапарында аудандағы бірнеше өндіріс орнына да барды. Мәселен, «Вольнский» АӨК-де Қазақстанда баламасы жоқ жаңа жоба жұмыс істеуде. Мұнда элеватор жаңартылып, құрама жем зауыты салынуда. Оған орнатуға Түркиядан жеткізілген жаңа кондырғының биіктігі 8 қабатты үйдің мөлшеріндей. Сол үшін кәсіпорынға қосымша инфрақұрылым қажет болады. Зауыт іске қосылғанда, тәулігіне 240 тоннаға дейін құрама жем шығаруды жоспарлап отыр. Яғни, элеватордың қуаты – күніне 300 тонна өнім (220 тонна ұн мен



80 тонна кебек) өндіру. Ол толық қуатына жеткенде, бұл жерде 200-ден астам адам жұмыспен қамтылмақ.

Аудандағы тағы бір кәсіпорын «Демтра» ЖШС-де жаңа цех салынуда. Бұл серіктестік еліміздің ірі өнеркәсіп кәсіпорындарының тау-кен-шахталық, конвейерлік, металлургиялық және басқа да жабдықтарын жөндеумен, оларға қызмет көрсетумен айналысады. Оның өндірісін кеңейту резеңке мен пластикті қолдана отырып, металл бұйымдарын өндіре бастауға мүмкіндік береді. Жаңа цехта жабдықтың металл беттерін коррозия мен басқадай зақымданудан қорғау үшін гуммирлеу (резеңкемен қаптау) үдерісі қолданылады. Мұнда тағы да 20 адам жұмысқа орналасады.

Ермағанбет Бөлекпаев аталған компанияның болашағы бар екендігін атап өтіп: – Шағын кәсіпорын болса да, оның әлеуеті зор. Басшылығы дұрыс бағытта қимыл жасап, өндірісті кеңейтуде. Басты міндет – импортты өз тауарларымен алмастыру. Біз ел ішінде көп өнім шығара аламыз және онымен айналысуымыз керек, – деді.

Сондай-ақ, облыс әкіміне дала өрттерін сөндіру техникасы да көрсетілді. Атап айтқанда, биыл ауданның ауылдық округтері «Ермак» мобильді өрт сөндіру кешендерімен қамтамасыз етіліп, осындай 9 қондырғы сатып алыныпты. Сондай-ақ, өрт бағаналары мен жеңді қолғаптар, қашықтық өртсөндіргіштер мен арнайы киімдер де сатып алынып, жеткізілген.

Облыс әкімі бұл сапарында Абай қаласын монокала тізімінен шығару басты міндет екенін де айтты. Себебі, Саран қаласының тәжірибесі көрсеткендей, өнеркәсіпті әртараптыңдыру халықтың әлеуметтік жағдайы мен әл-ауқатына оң әсер етеді. Сондықтан, Абайда да индустриалдық аймақ құру жоспарда бар.

Келесі кезекте Ермағанбет Бөлекпаев Абай қалалық Мәдениет үйінде аудан тұрғындарымен кездесіп, ашық диалог алаңында өрбіген әңгімеде олардың сұрақтарына жауап беріп, өзекті мәселелер ортаға салынды. Соның ішінде коммуналдық мәселелер, абағандыру жайы да қозғалды.

Мысалы, осы жаз айларында Абай қаласында 62 көпқабатты

үйдің қасбеттері жаңартылып, сырланып, 15 аула аумағы асфальтталды.

Сондай-ақ, ауданда жолдарды жаңғырту және жүргіншілер жолдарын ретке келтіру жүзеге асырылуда. Тасжолға ауылына кірме жолды қайта жаңарту аяқталып, Қарабас кенті, Солтүстік Көксу мен Қоянды ауылдарының жолдары жөндеуде.

Елді мекендердің тазалығы үшін жаңа қоқыс контейнерлерінің алаңдары жабдықталып, Абай қаласында тұрмыстық қалдықтарды жинайтын полигон салынбақ.

Кездесуде тұрғындар жылумен жабдықтау, абағандыру мәселелерін де көтеріп, ойын алаңдарын жаңарту, жарықтандыруды қажет қылатын нақты мекенжайларды атады.

Абай ауданындағы бір проблема медициналық көмектің қолжетімділігі болып тұр. Бейінді мамандардың тапшылығынан жұрт облыс орталығына сабыяуға мәжбүр. Мұны естіп, тыңдаған облыс әкімі дәрігерлерді тарту үшін аудандық билікке қызметтік тұрғын үй салу мәселесін шешуді тапсырды.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Сонымен қатар, мұнда жергілікті бюджеттен жаңа медициналық жабдықтар сатып алуға қаражат бөлініп, биыл алты медициналық нысанның құрылысын салу белгіленіп, Сәрепті ауылындағы фельдшерлік-акушерлік пункт күрделі жөндеулен өтпек.

– Абайда пәтер кезегінде тұрғандарды тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында бесқабатты үйдің құрылысы жалғасуда. Ол салынып біткенде, 80 отбасы баспаналы болады. Топар кентіндегі денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы аяқталуға жақын, – деп атап өткен Ермағанбет Бөлекпаев елді міндет Абайды монокала санатынан шығарып, ол үшін инвесторлар тартудың қажеттігін айтты.

Осы тұрғыда ауданның әлеуетін арттыру жоспары әзірленіп, құрылатын жаңа өндірістер 3 мыңға жуық жаңа жұмыс орнын құруға жол ашатыны мәлімделді.

Абай ауданының әкімі Сәбит Оспанов өздеріндегі туризм саласының болашағы туралы баяндады. Оның айтуынша, Топар су қоймасының жағалауында төрт демалыс аймағын кеңейту мен қалпына келтіру, соның ішінде, 30 бөлмелі екі қабатты қонақ үй салу жоспарлануда екен.

– Аталған мәселелердің әрқайсысы бойынша тиісті іс-шаралар жоспары әзірленеді, – деген облыс әкімі кездесуге қатысқан аудан тұрғындарына белсенді азаматтық ұстанымы үшін ризалығын білдірді.

Кездесу соңында Ермағанбет Бөлекпаев аудан тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Абай ауданы Суреттерді түсірген Жаңгелді ӘБДІҒАЛЫМ

Асыл мұраттар алаңындағы алқалы жиын



Қарағанды қаласындағы «Достық» үйінде аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен Қарағанды облысы Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» атты XXVII сессиясы өтті. ҚХА мүшелері, мемлекеттік мекемелердің басшылары, мәслихат депутаттары, жастар, ғылыми, шығармашылық зиялы қауым, діни бірлестіктердің өкілдері, этномәдени бірлестіктердің мүшелері қатысқан жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ассамблеяның XXXIII сессиясында жүктелген міндеттері мен тапсырмаларының негізгі бағыттары талқыланды. Сессия жұмысына Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі – Қазақстан халқы Ассамблеясы хатшылығы менгерушісінің орынбасары Ғалымжан Махан және «Ассамблея жастары» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Тимур Жұмырбаев қатысты.



Салтанат ІЛНІШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінде Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі барлық этностардың мүдделерін нығайтуға ғана емес, сонымен қатар тілдерді оқытуды, медиация, қайырымдылық институтын дамытуға, сондай-ақ елдің этномәдени бірлестіктерін аккредиттеуге бағытталған. Өңір басшысы елдегі бірлікті нығайту мен тұрақтылықты сақтаудағы Ассамблея мүшелерінің маңызды ролін атап өтті. Ал, сессия барысында сөз алған облыс әкімінің орынбасары – облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Ерлан Құсайын ең басты байлығымыз – ел бірлігі екеніне тоқталды. Сондай-ақ, Ассамблея қанатының астында облыста атқарылып жатқан еңбектерге тоқталды. Соның бірі – «Достық» үйінде бастау алған «Бұқаркең жырлайды» атты облыстық ақын-жыршылар байқауы. Одан бөлек, «Сырлы Сәкен» жобасы да биыл жалғасын тапты. Бұл – атқарылған жұмыстардың бір парасы ғана. – «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты Ұлттық Құрылтайдың үшінші отырысында сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев аға буын өкілдерінің бірлікті нығайтудағы ерекше ролін атап өтті. Сонымен қатар, облыстық Ассамблеяның қатарында жас және креативті көшбасшылар бар. Біз еліміздің базалық құндылықтарын нығайта отырып, одан әрі мазмұнды жұмыс істеу үшін ақсақалдардың даналығы мен жастардың шығармашылығынан тандем құруымыз

керек, – деген Ермағанбет Бөлекпаев Ассамблеяның Ақсақалдар кеңесіне осыған ерекше ден қоюды тапсырды. Сессияда облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы еріктілерінің ел бірлігін нығайтудағы ролін «Жастар Ассамблеясы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Тимур Жұмырбаев атап өтті. – Қарағанды облысының ҚХА жастарының атқарған жұмыстары ерекше құрметке лайық. Қарағанды су тасқынынан зардап шеккен өңірлердің тұрғындары үшін гуманитарлық көмек жинау жөніндегі штабты алғашқылардың бірі болып ашты. Еріктілер жергілікті жерлерде жанқиярлықпен көмектесті. Олардың күшімен су басқан ауылдар мен өңірлерге тонналап гуманитарлық жүк жөнелтілді. Сондай-ақ, облыста жылдан жылға «Сарыарқа жастары» дарынды жастарды қолдауға бағытталған өте маңызды жоба жүзеге асырылууда. Оның арқасында жастар бірігіп, тәжірибе, идеялар алмасып, облыстың ең бай мәдени және тарихи мұрасымен таныса алды. Бұл жоба одан әрі қолдау табады деп үміттенеміз, – деді Тимур Жұмырбаев. Сондай-ақ, пленарлық отырыста Ассамблеяның 30 жылдығына дайындық жоспарлары талқыланды. Ассамблеяның облыстық филиалының Ғылыми-сараптамалық тобының жұмысына ерекше тоқталған абзал. Білікті ғалымдармен жасақталған кеңесте үш доктор, 14 ғылым кандидаты, 3 магистр бар. Кеңес бүгінге дейін талай жобаларды жүзеге асырып келеді. – Облыс ассамблеясының ғылыми-сараптамалық тобының қызметі аймақтан

тыс жерлерде де танылды. Бүгінгі таңда халықпен дұрыс және жүйелі түсіндіру жұмыстары үлкен рөл атқарады. Бұл оңай жұмыс емес, – деп атап өтті аймақ басшысы. Ассамблеяның «Аналар кеңесінің» жұмысына да ерекше тоқталу керек. Айжан Қиясова төрағалық ететін кеңес бүгінде өз жұмысын жаңа леппен бастаған. Ұлттық дәстүрді, мәдениетті және мемлекеттік тілмен қатар, ынтымақ пен бірлікті насихаттайтын кеңес құрамында әр ұлт өкілдерінен құралған әжелермен қатар, кәсіпкер әйелдер де бар. Ассамблея қызметіндегі тағы бір маңызды бағыт – этномедиация. Отбасы шағын мемлекет десек, сол отбасының бұзылмауына барын салып жүрген Ассамблея медиаторларының жұмысы да ерекше аталды сессия барысында. – Біз медиаторларымыздың дағдыларын тек этникалық салада ғана емес, күнделікті тұрмыс-тіршілікте де кеңінен пайдалануымыз керек деп есептеймін. Бұл – ерекше маңызға ие және өте өзекті бағыт, – деді Ермағанбет Қабулаұлы. Атаулы күнге орай Ермағанбет Бөлекпаев Достық үйінің мұражайын жаңғыртуды тапсырды, оған жыл сайын еліміздің түпкір-түпкірінен ғана емес, шетелден де қонақтар келеді. Сессия соңында өңірдегі бірлікті нығайтуға және тұрақтылықты сақтауға елеулі үлес қосқан Қарағанды облысының белсенді тұрғындары марапатталғанын айту керек. Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• САЛТАНАТ

«Самғау» сыйлығы иелерін тапты

Металлургтер шаһары да ақпарат сардарларына құрмет көрсетті. Масс-медиа қызметкерлері күніне орай шаһар әкімінің «Самғау» сыйлығы бірқатар азаматтарға табысталды. Қатарда облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің меншікті тілшісі, Арқа журналистикасының белді өкілі Ержан Имаш та бар.

Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Марапаттау рәсімі зәулім мейрамхананың төрінде салтанатты түрде өтті. Ақпарат саласының майталмандарына дастархан жайылып, құрмет көрсетілді. Сонымен қатар, Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің өнерпаздары ән мен күйден шашу шашты. Өз саласының үздігі атанғандарға Алғыс хаттар мен алтын қауырсын табысталды. Марапат иелерінің арасында теміртаулықтардан бөлек облыстық деңгейде қызмет етіп жүрген тілшілер бар. «Самғау» сыйлығы 2022 жылдан бері беріліп келеді. Быыл да 6 аталым бойынша үздіктер анықталды. – Бұл сыйлық осымен үш жыл қатарынан өз иегерлерін тауып келеді. Ақпарат саласының қызметкерлеріне ерекше құрметпен қараймыз. Оларды жақсылықтың жаршысы деп білеміз. Сыйлық тек үздіктерге ғана бұйырады. Осында келген әр азамат қазылар алқасының іріктеуінен өткен кіл мықтылар һәм кәсіпқойлар. Осы күнді әр журналист асыға күтетініне көміл

лымында әріптесіміз Ержан Имаш көш басынан табылды. Ал, «Өндіріс тақырыбы» аталымында Олег Гусев қара үзді. Жергілікті «ТТК» телеарнасының бас редакторы Кристина Лукашева «Жылдың үздік репортажы» сыйлығын иеленді. Телеарнаның телеоператоры Евгений Ходоревке де сыйлық табысталды. Телеарнаның әлеуметтік желідегі парақшаларына жауапты Виолетта Куклина да назардан тыс қалмады. «Вечерняя газета» басылымының тілшілері Оксана Матвиенко мен Светлана Лебедева «Жылдың үздік сұхбаты» және «Мамандығына адалдығы үшін» сыйлықтарын алды. Қазақ тілді «Теміртау тынысы» газетінің тілшісі Серікгүл Алтайбаева да «Мамандығына адалдығы үшін» сыйлығымен марапатталды. Қала әкімі бұл күнде кәсіби журналистердің қадірі артып келе жатқанын атап өтті. – Бүгінде ақпарат өте жылдам тарайды. Бұл – бір жағынан бәріміз үшін қолайлы. Бірақ, оның зиянды тұсы да бар. Екінің бірі қазір ақпарат таратқыш. Бұл құбылыс әлбетте



сенемін. Себебі, осы күні еңбек еленіп, құрмет көрсетілді. Біз масс-медиа ның қоғамдағы ролін жақсы білеміз. Өңірімізде еңбек етіп жүрген әр қалам иесі өз мамандығының шыңына шығып, еліміздің дамуына одан әрі үлес қоса беруіне тілектеспіз! – деді қала әкімі Ораз Тәуірбеков өзінің құттықтау сөзінде. «Ең үздік қоғамдық тақырып» ата-

қоғамның тыныштығына кері әсерін тигізеді. Кәсіби журналист – қоғам тыныштығының кепілі деуге толық негіз бар. Осы жағдайды пайдалана отырып, баршаңызды мерекемен құттықтаймын! Табысты күндерде жолыққанша! Жақсы жаңалықтар көп болғай! – деді Ораз Тәуірбеков. **ТЕМІРТАУ** Сурет ұйымдастырушылардан

• ӨНЕГЕ

Қаһарман ердің есімі ұлықталды

Қайрат Жұмабек есімді есіл ер елдің есінде әлі. Автобустағы 130 баланы аман сақтаймын деп, ардың жолында аттанған о дүниеге. Батырдың көзсіз ерлігі естіген жанның көңілінен кетпейді, жүрегінен ошпейді. Қарағандыдағы «Сарыжайлау» кинотеатрында «Қайраттың қайта жанған жұлдызы» атты қысқаметражды фильмінің тұсауы кесіліп, батырдың рухына мың мәрте тағзым жасалды.

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қаһарман Қайраттың ел-жұрты қайран қалдырған сол бір ерлігіне көз жүгіртіп көрелік тағы бір. 2008 жылдың 20 мамыры. Қарағанды қалалық Жол полициясы батальонының инспекторлары полиция аға сержанты Қайрат Жұмабеков пен старшина Дмитрий Пугачқа Қарағандыдан Астана қаласына бағытталған автобустағы мектеп оқушыларын аман-есен апарып келу туралы тапсырма беріледі. Қос инспектордың бағыттауымен үш автобус Елордаға аман-есен жетеді. Қарағандыға қайтар жолда полиция көлігінің тізгінінде Қайрат Жұмабеков болады. Оларға қарама-қарсы жол бойымен келе жатқан тас тиелген жүк көлігі өзімен қатарлас жүйткіген жеңіл автокөлікпен жарысып, өзінің абайсызда жолдың қарсы бағытына шығып кеткенін байқамай қалады. Қас пен көздің арасында қарсы жолаққа шығып кеткенін

сезінген жүк көлігі, жолда келе жатқан патруль көлігі мен автобустарды көріп оңға қарай бұрылады. Жүк көлігінің арақашықтығы тым жақын болғандықтан, жеңіл көлікке соқтығысады. Дәл осы жол апаты кезінде Қайрат Жұмабековтің алдында екі таңдау тұрды. Біріншісі қарсы келе жатқан көліктен сытылып шығып, өздерін сақтау немесе сокқыға өзін тосып, автобусты аман алып қалу. Бірақ, ол арды таңдады. Автобустың балалардың амандығын ойлады. Өзінің үйінде де кішкентай құлшынақтарының күтіп отырғанын білсе де, батыр өз мойнына жүктелген тастай тапсырманы сезініп, кесепатқа қарсы тұрды. Сол жерде ажал құшты. Ал, қасындағы серігі ауыр жаракатпен ауруханаға жеткізілді. Міне, содан бергіде 16 жыл зырлап өте шықты. Батырдың есімін ұлықтауға автобустағы оқушылар, отбасы мен туған-туыстары жиналды. Алғашқы сөзді батырдың қасында болған жолсерігі Дмитрий Пугач алып, сол

бір ауыр сәтті есіне түсірді. – Барлығы қас-қағым сәтте болды. «Астана-Қарағанды» тасжолында жүк көлігі алдында келе жатқан жеңіл көлікті басып озып, біз жетегімізге алып келе жатқан автобустарға қарай қарсы бағытқа шықты. Қайрат тез арада шешім қабылдап, жүк көлігі автобуска соғылмай үшін өзіміз мінген қызметтік автокөлікпен тосқауыл қойды. Одан кейінгісі есімде жоқ. Мен жансақтау бөліміне түсіп, ол жерде төрт күн жаттым. Ол өзінің қызметіне адал беріліп, тапсырманы антына сәйкес соңына дейін орындады. Егер олай жасамағанда, автобустағы балалар қаза табатын еді, – дейді Дмитрий Пугач. Еске алу кешіне Қайрат Жұмабековтің жары Назгүл, ұлы Ғалым мен қызы Диляра Астанадан арнайы келіп қатысты. Ғалым Қайратұлы да әке жолын жалғап, Ішкі істер органында қызмет етіп жүр. Ол – Астана қалалық полиция департаментіне қарасты Есіл аудандық полиция басқармасында жедел уәкіл. – Өкем ер-азаматқа сай іс істеді. Өзім кішкентай кезімнен полиция қызметкері болуды армандадым. Анам қарсы болса да, өкемнің ізін жалғағым келді. Батырдың ұлы екенімді мақтан етемін. Отбасымызбен әкемізді



еске алу кешіне келіп, көзімізге еріксіз жас алдық. Өкем өз өмірін қиып, құтқарып қалған 130 оқушы өсіп-өніп, үлкен азаматтар болыпты. Тіпті, көбісі отбасылы екен. Солар бастамашы болып, әріптестеріміз қолдап, мінекей, өкемнің есімі жаңғырып жатыр. Алғыстан басқа айтарымыз жоқ, – дейді Ғалым Қайратұлы. Автобустың ішінде болған оқушылардың бірі – 27 жастағы Әсемгүл Абатова. Екі баланың анасы. Отбасымен Саран қаласында тұрады. Бүгінде «Қазтелеерадио» инженері қызметінде. 2008 жылы Әсемгүлдің жасы 11-де болған екен. – Астананың көрікті жерлерін көріп, өзімді бақытты сезініп келе жаттым. Жолда ұйықтап

кетіпін. Автобус кілт тоқтағанда алдыңғы орындыққа басымды соқтым. Бәріміз аң-таң болып қалдық. Сыртқа шыққаныма аударылып жатқан полиция көлігін болыпты. Бұл қайғылы жағдайдан кейін біз өмірді бағалай бастадық. Жол-көлік оқиғасынан кейін әр жылдың 20 мамырында анам шөлпек пісіріп, өкем Құран оқиды. 16 жыл өтсе де, біз Қайрат ағаның ерлігін ұмытпаймыз. Мен әлі күнге дейін оның отбасымен араласамын, – дейді Әсемгүл Абатова. Абылайхан Құлымбетов те құтқарып қалған полиция Қайрат Жұмабековтің есімін аса қадірлейді. Ол Қарағанды қаласының беделді нефролог дәрігері. Бір ұл тәрбиелеп отыр.

– Сол қайғылы жол-көлік оқиғасы әлі күнге дейін есімде. Қайрат Жұмабековтің есімі – менің жүрегімде. Мектеп оқып жүргенде мен де Қайрат аға сияқты еліме адал қызмет етіп, қиналғанға қол ұшын созғым келді. Сондықтан, дәрігер мамандығын таңдадым. Өзіне алғыс айта алмаймыз. Сол себепті, отбасына ризашылығымызды жеткізуге арнайы келдік осында, – дейді Абылайхан Құлымбетов. Ігілікті іс-шараның соңында Ішкі істер министрлігінің ресми өкілі Шыңғыс Алексеев Қайрат Жұмабековтің ерлігі жайында түсірілген бейнефильм барлық мектептерде көрсетілетінін, сол арқылы батырдың қайсарлығын өскелең ұрпақтың бойына сіңіру қажеттігін атап өтті.



Заң күшейді, сана қашан өзгереді?



Президент тапсырмасын орындай отырып...

Бұрынғыдай емес, қазір әйеліне қол көтеріп, балаға балағат айтып қана қалмай, бұл – қоғамдағы әр екінші әйел отбасындағы зорлық-зомбылықтың құрбанына айналып, жағдай ұшығып бара жатқандан соң заңға енгізілген өзгерістерден соң мүмкін болып отыр. Атап айтқанда, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылғы 15 сәуірде қол қойған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң 15 маусымда күшіне енді. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында құзырлы орган өкілдері аталған заңның негізгі ережелерін түсіндірді.



Коллажды жасаған А. Рамазанов

айнып шығады. Бірақ, қазір бұл мәселе де шешімін тапты. Яғни, отбасында жанжал шығаратындарға шара да күшейтілді. Әкімшілік және қылмыстық іс жүргізу жәбірленушінің өтінішінсіз ақ бастала береді, – дейді Бауыржан Қараханұлы.

Отбасындағы зорлық-зомбылықты болдырмау мақсатында биыл 27-29 маусым аралығында облыс бойынша «Отбасындағы зорлық-зомбылыққа жол жоқ!» акциясы өтуде. Оның аясында құқық қорғау органдарының қызметкерлері әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық фактілеріне назар аударып, тиісті шаралар қабылдайды. Одан бөлек, күнделікті қайта жасалған өтініштерге, сондай-ақ, дағдарыс орталықтарына бірнеше рет жүгінген әйелдер ерекше назарға алынады.

Бауыржан Қараханұлы зорлық-зомбылықпен қоғам болып күресу керектігін айтады.

– Барлық мүдделі органдармен бірлесіп отырып, әйелдер мен балалар үшін қауіпсіз және бейбіт ортаға қол жеткізуге тиіспіз, – дейді ол.

Ал, Қарағанды қаласы полиция басқармасының тергеу бөлімі бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Дәурен Бөпеев заңның негізгі бөліктерін түсіндірді. Атап айтқанда, бұдан былай Қылмыстық кодекстің бойынша денсаулыққа ауыр және орташа зиян келтіргені үшін жауапкершілік күшейген.

– Қылмыстық кодекстің 106-бабының

1-бөлігі бойынша денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру 3 жылдан 8 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Бұл үшін бұған дейін тек бас бостандығы шектелетін. Ал, 107-баптың 2-бөлігі, яғни, көмелетке толмағанның денсаулығына қасақана ауырлығы орташа зиян келтіргендер үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады, – дейді Дәурен Балғашұлы.

Полиция подполковнигі көмелетке толмаған адамды зорлағаны үшін жауапкершілік күшейгенін де айтты. Бұл үшін Қылмыстық кодекстің 120-баптың 3-1-бөлігі бойынша өмір бойына бас бостандығынан айырылады.

Қылмыстық кодекстің жаңа 121-1 баппен толықтанып да айту керек. Ол бойынша көрінеу он алты жасқа толмаған адамға қатысты сексуалдық сипаттағы ұсыныстармен, оның ішінде Интернет желісін қоса алғанда, телекоммуникация желілерін пайдалана отырып жасалған ұсыныстармен немесе тиісушілікпен ұштасқан сексуалдық сипаттағы әдепсіз әрекеттерді жасауға жол берілмейді. Ол үшін белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онысыз, екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

• «АЙБЫН – 2024»

Болашақ әскерилердің Бас жүлдесі

Кенес Одағының екі мәрте Батыры Талғат Бигелдинов атындағы «Жас ұлан» республикалық мектебінің тәрбиеленушілері «Айбын» Х Халықаралық әскери-патриоттық жастар жиынына қатысып, бас жүлдені жеңіп алды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Нақтырақ айтсақ, Әзірбайжан, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей және Өзбекстан құрамаларынан ең үздік деген 750 қатысушысы бір апта бойы әскери-қолданбалы спорт түрлерінен бақ сынасты.

Құрлық әскерлері әскери институтының Алматы қаласындағы «Әли» оқу орталығында өткен әскери-патриоттық жиын Кенес Одағының Батыры, Қазақстанның бірінші Қорғаныс министрі, армия генералы, Халық қаһарманы Сағадат Нұрмағамбетовтің туғанына 100 жыл толуына орайластырылған.

Жерлестеріміз, кеншілер өлкесінің намысын қорғаған команда «Айбын дарыны» зияткерлік байқауы мен пневматикалық мылтықтан атуда бірінші орын алып, жалпы есепте үздік атанды.

Белтемірде тартылу және автоматты құрастыру-бөлшектеуде екінші

қамтылған спорт сыныбына сертификат алды.

– Бас жүлдені жеңіп алдық. Бұл оңай болған жоқ. Жеңіс үшін Астанадан келген әскери колледж өкілдерімен күрестік. Қарсыластар мықты болды, бірақ жеңіс бізге бұйырды, – дейді Қарағанды «Жас ұлан» республикалық мектебінің тәрбиеленушісі Алмас Есмағамбетов.

Өз кезегінде Қарағанды «Жас ұлан» мектебінің бастығы, подполковник Жанат Бағжанов жеңімпаздарды құттықтап, ата-аналарына перзенттерін патриоттық рухта тәрбиелегені үшін ризашылық білдіріп, Алғыс хат табыс етті.

– Шындығында, Әзірбайжан, Беларусь, Қырғызстан, Ресей және Өзбекстан құрамаларының қатысушылары мығым дайындықпен келіпті. Мұнда мәселе әр елдің өз әскерінің өне-бойына патриоттық рухты қалай сіңіруі көрінді. Сондықтан да, ел мен жер-



орын. Әскерилендірілген эстафетада және арқан тарту бойынша үшінші орынға ие болды.

Аталған жиын ережесі бойынша бас жүлдені өз санаттарындағы үздік командалар қатысқан «Күшіміз – бірлікте» финалды ойынының жеңімпазы алуы тиіс болды. Бұл экстремалды жарыста Қарағанды қаласы Талғат Бигелдинов атындағы «Жас ұлан» республикалық мектебінің құрамасы жеңіске жетті.

Ептілік пен қырағылық танытып,

ге деген шексіз махаббат пен құрмет біздің сарбаздардың бойынан ерекше сезіліп тұрды. Бұл – біздің ұлан-байтақ өлкемізді білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғап қалған бабалардың асқақ рухы. Сонымен қатар, командирлеріміз үйреткен барлық білім мен дағдыны паш еттік деп ойлаймыз. Біз бұл шарада орын алумен қатар, көп тәжірибе жинақтадық. Ерекше рухтанып қайттық. Осындай жиындар жиі өткізіліп тұрса екен. Ұйымдастырушыларға шексіз алғыс айтамыз, – дейді

Салтанат ПИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Зорлық-зомбылық мәселесі қазіргі өзекті мәселенің бірі. «Әйел – бір қолымен бекікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» деген жақсы сөз бар. Әкімшілікке қарай, қоғамдағы әр екінші әйел зорлық-зомбылықтың құрбаны. Себебі, бұл әлеуметтік мәртебесіне, жасына, ұлтына бөлінбейтін кесел, – дейді Қарағанды қаласы полиция басқармасы бастығының бірінші орынбасары, полиция полковнигі Бауыржан Мұхамеджанов.

Полиция полковнигінің айтуынша, жалпы, қылмыстан зардап шегетіндердің 90 пайызы – әйелдер мен балалар. Әкімшілікті, жәбірленушілер полиция келген кезде өтініш беруден бас тартатындығында. Мәселен, биылғы бес айда полицияға күйеуінен зәбір көрген 2113 хабарлама келіп түссе, 1383 адам арыз жазудан бас тартқан. Тек, 730-ы ғана шағым жасаған.

– Бұл көбінесе жәбірленушінің материалдық және моральдық тәуелді жағдайына байланысты. Сондай-ақ, балаларын ойлаған әйелдер үйдегі абьозер күйеулерінің үстінен арыз жазудан бас тартыды. Жаңы қысылғанда полиция шақыруын шақырады да, өздерін ойламай,

• ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

8500 адамға арнайы төлем тағайындалды

Жыл басынан бері зиянды еңбек жағдайларында ұзақ уақыт жұмыс істеген 8476 қазақстандыққа арнайы әлеуметтік төлем тағайындалды. Барлығы 9255 адам өтініш білдірген.



Республикалық бюджет пен Бірінғай жинақтаушы зейнетақы қорынан – 2840 адам, сондай-ақ, Республикалық бюджет, Бірінғай жинақтаушы зейнетақы қоры, жұмыс беруші және өмірді сақтандыру компаниясынан – 6415 қазақстандық төлемақы алады.

Сонымен қатар, 369 адам сақтандыру компаниясымен зейнетақы алдындағы аннуитет шартын жасасуды күтіп отыр. Ал, 342 өтініш берушіге міндетті шарттарға сәйкес келмеуіне байланысты төлем тағайындаудан бас тартылды.

Қарағанды облысының тұрғындары

арнайы төлем тағайындауға ең көп тапсырыс берген.

Естеріңізге сала кетейік, арнайы әлеуметтік төлемдерді тағайындаудың міндетті шарттары бар. Атап айтқанда, алушы 55 жасқа толуы және БЖЗҚ-да кемінде 7 жыл кәсіби зейнетақы аударымдарының болуы тиіс. Төлем зейнетақы тағайындалғанға дейін жүзеге асырылады. Оны алу үшін зиянды еңбек жағдайларымен жұмыстан кету керек. Қызметкерлер жеңіл жұмысқа ауыса алады, содан кейін олар жалақы мен төлем алады. Болмаса, немесе демалысқа шығып, зейнетақы тағайындалғанға дейін арнайы төлемдер алады.

БЖЗҚ мәліметтері бойынша, биыл 37 мыңнан астам қызметкер арнайы әлеуметтік төлемге үміткер бола алады. Оның орташа мөлшері – 208 мың теңгеден асады. Бірақ, ол БЖЗҚ-дағы жинақтарға байланысты да болуы мүмкін.

Өз тілшімізден

Жалынды жастар жауапкершілігі

Туған жер – адамның жүрек түпкірінен орын алатын қасиетті ұғым. Туған жерге ту тігу дегеніміз – біріншіден, туған жерінді жүрекпен сүю және оның көркейюіне өз еңбегіңмен үлес қосу. Туған жерге тігілген ту – адам жүрегіндегі асыл армандардың негізі, биік мақсаттар мен жоспарлар, атқарылар азаматтық істердің бастауы.

Бүгінгі таңда жастар – халықтың үлкен әлеуметтік тобы. Олардың жазғы демалысын тиімді пайдалану мақсатында 3 маусымнан 31 тамызға дейін жалғасатын «Жасыл ел» еңбек жасақтары бағдарламасы жүйелі түрде жыл сайын жүзеге асырылады. Осы бағдарлама аясында Ақтоғай аудандық Жастар орталығының ұйымдастыруымен 150 сарбаз маусымдық жұмыспен қамтылып отыр.

«Жасыл ел» жобасының мақсаты – елімізді көгалдандыру ғана емес, сонымен қатар, жастардың бойындағы жауапкершілікті, туған өлкені көріктендіріп,

саябақтар мен гүлзарларды күтімге алу, жастардың қоғамдық ортаға деген мәдениетін қалыптастыра отырып, қоғамдық хәм пайдалы еңбекке тәрбиелеу.

Алғашқы жұмыс күнінен, Қарағанды технология және сервис колледжі жанындағы тігін цехы тіккен фирмалық киімдерімен қамтамасыз ете отырып, барлық мүмкіндікті жасауда. Осындай қолдаудың арқасында біз де туған жерді көркейтуде өз үлесімізді қосып келеміз.

Өзіміздің еңбек жолымды туған жерімен бастағанымды мақтанышпен айтамын. «Жасыл ел» сарбаздары түрлі мә-



дени шараларға, акцияларға, жиындарға белсенді түрде қатысады. Сол арқылы қоғамдағы өз орнымызды сезінгендей болдық. Елдің ертіне жауапты жастардың жарқын бастамаларына қолдау көрсетіп, жігер беріп, биіктерге жеткізер тандылыққа тәрбиелеп жүрген Шығыс Елегенұлына, жастардың бойындағы жауапкершіліктің шынайы жолын көрсете білген Назерке мен Сана апайымызға шексіз алғыс айтамыз!

«Еліміздің ертіне, мемлекетіміздің болашағы – жалынды жастардың қолында!» деп үлкен сенім артып, қолдау көрсетіп отырған баршаңызға шексіз ризамыз!

Әмина ЗЕКЕН,
«Жасыл ел» сарбазы
Ақтоғай ауданы

Суретті түсірген автор

Сапалы жол сапар жүгін жеңілдетер

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматыда ғалымдармен кездесуінде елдегі жол сапасы мәселесін көтерген еді. «Ұлттық құрылтайдың Атыраудағы отырысында жол салу және жөндеу бойынша ауқымды жұмыстарды бастауды тапсырдым. Бұл кемінде 12 мың шақырым автожолды қамтиды. Автокөлік жолдары – елдің экономикалық және әлеуметтік тыныс-тіршілігінің құретамыры. Негізгі қалаларымыз бен аймақтарымыздың арасын сапалы жолдармен жалғау маңызды. Тағы да қайталап айтамын – сапалы жолдармен. Ашығын айтсақ, жолдардың сапасы сын көтермейді әрі бұл мәселе жиі көтеріледі», – деді Президент. Иә, түйткіл ескі болғанмен, көзқарас – жаңа қазір. Сондықтан, бұл келелі мәселені жаңа қырынан қаулап көретін уақыт келгендей...



Реформа – өміршең өзгерістер

Ерканат КЕЧЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жол саласының сапасына жауапты бірден-бір мекеме болса, ол «Жол активтерінің ұлттық сапа орталығы». Кәсіпорынның негізгі қызметі – жол салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп ұстау жұмысын қадағалау. Яғни, төселіп жатқан тегіс жолдың қабатына сараптама жүргізу. Әр аймақта қосынды бар мекеме инспекторлары жыл сайын 16 мың шақырымнан астам халықаралық және республикалық, облыстық маңызы бар магистральдарға диагностика жүргізіп келеді. Ал, жол-құрылыс материалдарына 220 түрлі жан-жақты зертханалық зерттеу жасалады. Иә, автожолдың сын садағына жиі ілігетіні белгілі. Ал орынды сынға тиімді шешім шығару – қиынның қиыны. Мәселен, осы тақырып аясында бұқаралық ақпарат құралдарында жылына кемінде 1000-ға жуық ақпарат жарық көреді. Әлбетте, сауалы көп сектордың дағдарыс аясына әкеп тірейтін түйткілдері де аз емес. Оның бірі – маман тапшылығы. Өңірде атаулы мамандықты Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті оқытады. Айналып келгенде аталған тақырып аясы ғылыми көзқарасты қажет етеді. Енді өндірістің өңірдегі жолдардың жайына үнілсек.

Қолына ретрорефлектометр алған жол инженері Ермек Смайылов қала орталығындағы Бұқар жырау даңғылы, Пассажирская, Пичугина, Новоселов, Шахтерское көшелерінің бойындағы жолдардың сапасын бірте тексеріп үшін бізді соңынан ертті. Ретрорефлектометр дейтіміз – жол бедеріндегі қауіпсіздік белгілерінің сапасын анықтау үшін қолданылатын өлшеу құралы. Бұл көлік қозғалысы кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін маңызды. Ретрорефлектометрден енген деректер онлайн режимде республикалық дерекқорға жүктеледі.

– Бізге кеше қала орталығындағы жол белгілерінің сапасын тексеру турасындағы жергілікті полиция бөлімінен сұрағым хат келіп түскен еді. Әдетте, «Қаз-АвтоЖол» ұлттық компаниясынан немесе



Әр аймақта қосынды бар мекеме инспекторлары жыл сайын 16 мың шақырымнан астам халықаралық және республикалық, облыстық маңызы бар магистральдарға диагностика жүргізіп келеді. Ал жол-құрылыс материалдарына 220 түрлі жан-жақты зертханалық зерттеу жасалады. Иә, автожолдың сын садағына жиі ілігетіні белгілі. Ал орынды сынға тиімді шешім шығару – қиынның қиыны. Мәселен, осы тақырып аясында бұқаралық ақпарат құралдарында жылына кемінде 1000-ға жуық ақпарат жарық көреді.

тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мекемелерінен жиі қабылданады. Жол белгілерін әдетте бір жолдың бойындағы бірнеше тұсынан тексереміз. Осыдан келіп орта өлшем шамасы шығады. Әдетте, жол жабынының арнайы белгілері көлік жүргізушісінің көзіне әр уақытта шағылыстырғыш арнаулы шынылармен көмкерілуі тиісті. Ал бұл жерде бұл азырақ секілді. Яғни, бір параметр бойынша талапқа сай келмейді деген мәлімет енгіземіз. Көздің бе? Құрылғыдан басылып шыққан түбіртекте жыл бойына сақтап қоямыз. Кей-кейде бір учаскенің бойында 16 мәрте тоқтап өлшем алып жатамыз. Қос көзімізге қарапайым болып көрінген

үдеріс үздіксіз жүргізілетіндіктен, аса ыждаһат пен тиянақтылықты талап етеді, – дейді Ермек мырза.

Жолдың сапалы салынуы яки жөндеуі мердігер компанияның жұмыс тәжірибесіне де байланысты. Егер, кейінде аталған жол бөлігі сапасыз болып танылған жағдайда мерзімінен кешіктірілмей мердігер жауапкершілік арқалайды. Немесе арнаулы нұсқама жолданады.

– Жаз басталысымен көлік легі күрт артады. Сондықтан, біздің жұмыс тобы негізгі магистральдарға ғана емес, сонымен қатар, облыстың мыңдаған тұрғындары күнделікті пайдаланатын жергілікті жолдарға да ерекше назар аударады. Жаңа және жөндеген жолдар аймақ экономикасының дамуына және халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал ете отырып, ыңғайлы және қауіпсіз сапарларды қамтамасыз етеді. Біздің болашақ жоспарларымыз жол желісін одан әрі кеңейту мен жаңғыртуды қамтиды. Біз қарапайым жұртшылықтың талап-тілегін ескере отырып, жергілікті билік органдарымен қоян-қолтық жұмыс істейміз. Қолдау мен сенім білдіріп жатасыздар. Сенім селкеусіз болса, жұмыс жүйелі болады! – деді орталықтың жергілікті қосынның бөлім басшысы Тұрар Манас.

Суреттерді түсірген автор



Қырағы камера қалт жібермейді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Құқық қорғау органдары арқашан басты назарда ұстауға тиіс тағы бір маңызды мәселе – жол қауіпсіздігі деңгейін арттыру» деген болатын. Осыған орай, Қарағанды мен Теміртау қаласының жаяу жүргіншілері Президент тапсырмасы негізінде озық технология игілігін көргелі отыр. Қанаттас қос қалада 1 шілдеден бастап «Аргус – жаяу жүргінші» камералары іске қосылмақ. Қырағы камера жаяулар жолағындағы жүргіншілерге жол бермейтін көліктерді бақылап, тіркеуге алады.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұрын жаяу жүргіншілер жолдан өтпес бұрын, жан-жағынан ерсілі-қарсылы зуылдаған көліктерге жалтақтап, сасқалақтау салдарынан түрлі апатты жағдайлар орын алған-ды. Енді әлеуметтік-мәдени тұрмыстық нысандар маңайындағы жаяу жүргіншілер жүрістері жеңілдетілді. Ұшып-қонып асыққан көліктерді енді жолаушылар емес, техникалық сапасы жоғары, қырағы камералар бақылайды. Сәйкесінше, жол жүру ережесін бұзып жолаушы жолын кескен көліктерге айыппұл жолданады. Естеріңізде болса, жыл басынан облыста жаяу жүргіншілерге жол бермеу немесе назарға алмау салдарынан 300-ден астам жол көлік оқиғасы тіркелді.

10 млн теңгеден астам айыппұл салынды. Жаяу жүргіншілерді 40 рет қағып, онда 8 адам қаза тапты. Ал, 39 адам жарақат алды.

– 1 шілдеде Қарағанды мен Теміртауда 22 «Аргус – жаяу жүргінші» кешені іске қосылады. Облыс орталығында – 12 камера болса, ал, 10 камера Теміртау қаласында орналасады. Бұған дейін мұндай төрт кешен Қарағандыда сынақ режимінде жұмыс істеп, өз тиімділігін көрсетті. Олар адам факторы мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмайды. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 600-бабына сәйкес жаяу жүргіншілерге жол бермеген жүргізушілерге 10 айлық есептік көрсеткіш (36 мың теңгеден астам) көлемінде айыппұл салынады, – дейді Қарағанды



облысы полиция департаменті әкімшілік полиция басқармасы бастығының орынбасары Елжас Жартыбаев.

Жол сақшыларының айтуынша, бұл олардың жұмысын айтарлықтай жеңілдететін көрінеді. Ал, ең бастысы сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің алдын алатын бірден-бір жоба. «Аргус» ереже бұзған көлікті қандай қалтарыс-бұлттары болмасын оңай көре алады екен. Ол көліктің ең басты белгілерін, яғни, мемлекеттік

• ӨЗЕКТІ

Кептелістің кедергісі КӨП

Алматы секілді үлкен мегаполистерден келген меймандар Қарағандыда кептелістің жоғын айтып, өз шаһарымызды өзімізге мақтап кететін. «Нағыз жаңа жайлы қала» деп бір шалқайтып тастайтын. Кептеліс дегенді тек шамамен таңғы 08:00 мен 09:30 арасында ғана көретін едік. Сосын, түскі уақыт пен ел жаппай үйіне ағылатын кешкі 18:00 мен 19:30-дың арасында қантарылатынбыз. Бұл күнде қаладағы автокөлік саны күрт көбейген. Оның үстіне, жаз басталғалы бірден он шақты көше жөндеуге тұтастай жабылды. Қазір кептелістен айналып қашатын көше қалмады. Бұқар жырау мен Республика, тіпті, Абай даңғылы да лық толып тұрады. Қаланың орталығы мен Оңтүстік-Шығысын жалғайтын Гоголь көшесінің көпірі де «часник» кезінде тығыздалады. Ұзын-сонар кептеліс – қарағандылықтардың бас ауруына айналды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Бұл – жаз келсе болды, жөндеуден көз ашпайтын Қарағанды», «Асфальттары сын көтермейді. Қармен бірге еріп кетеді. Жыл сайын қопарады да жатады». Кеншілер шаһарының тыныс-тіршілігін бағып отырған әлеуметтік желідегі парақшаларды ашып қалсаңыз, тұрғындардың осындай мәтіндегі шағымынан көз сүрінеді. Рас, жаз мезгілін жөндеу жұмыстарыңыз елестете алмаймыз. Көз үйренді. Жұрт айналма жол іздеп сабылады.

Жөндеуге жабылған көшелердің тізімі мынау: Камали Дүйсенбеков, Пригородная, Асфальтная, Пичугина, Ғарышкерлер. Тұрғындар бұл көшелер неге тым ұзақ уақытқа жабылады деп наразылықтарын білдіруде. Жөндеу жұмыстары қашан аяқталады және көшелер қашан ашылады? Осы сауалды Қарағанды қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысының орынбасары Григорий Ботнарға жолдадық. Ол әлгі жолдардың жақын күндері ашылатынын мәлімдеді.

– Пичугина көшесіне келсек, вокзал-

сіне дейін жабылған. Мұнда коммуналдық желілер алмастырылуға. Бұл аумақ бір ай бойы жабық тұрады. Құбырлар тартылғаннан кейін асфальтқа кіріседі. Бөкетов көшесі жабық. Бұл – Бауыржан Момышұлы көшесінен Дүйсенбеков көшесіне дейінгі аумақ. Қарағанды қаласының аумағы өте үлкен. Осылай біртіндеп жапқан күннің өзінде қала іші қарбалас болып кетті. Бірақ, бізде басқа амал жоқ. Осындай жағдайда жұмыс істеуге тура келеді, – деді Григорий Ботнар.

Жауапты маман маусым айының басында жиі жауған жаңбыр да жұмыс қарқынын әжептәуір тежегенін айтты. Ал, ылғалда асфальт төсеуге әсте болмайды.

Қарағандыдағы тасжолдардың жалпы ұзындығы 956 шақырым екен. Быыл 128 шақырымы жөндемек. 128 шақырымының өзі көліктер сапырылған шаһар үшін көп. Мамандар осылай дейді. 128 шақырымды оңдау үшін облыс және қала бюджетінен 16 млрд. теңге бөлініпті.

Асфальт үстіндегі бір шұңқырды бітеу үшін әуелі төрт бұрыштап ойып тастайды. Әлгі ойық қырлы болады. Ал, автокөліктің дөңгелегі шамамен 7-8 сантиметрді құрайтын қырын басып өткенде, әжептәуір соққы алады. Көліңізді



Сурет аумақ дерекөзнен

дан Гоголь көшесіне дейінгі аумақты қамтып жатыр. Бүгінде Ерубаев көшесінен вокзалға дейін екі қабат асфальт төселді. Осы аптада үшінші қабатын төсейміз. Бұл көше алдағы демалыс күндері ашылады деп жоспарланған. Содан кейін, Ерубаев-Гоголь көшелерінің арасын жабамыз. Оңтүстік-Шығыстағы «Орбита» шағын ауданындағы айналмалы шеңбер жолдан Бұқар жырау даңғылына дейін жабық. Яғни, Дүйсенбеков көшесі. Бұл аумақта асфальттау жұмыстары басталып кетті. Ең төменгі қабаты толықтай төселді. Шамамен бір аптадан кейін пайдалануға берілмек. Гоголь көшесінен бері қарай Ғарышкерлер көшесі жабық. Ал, бұл аумақта әлі ескі асфальт қотарылып жатыр. Жаңа асфальтты төсеу шілденің аяғында ғана басталады. Четская, Орлов көшелері Молоков көше-

теселтпес үшін айналып өтесіз, немесе, жылдамдықты азайтасыз. Бұл әлбетте жол үстіндегі қозғалысты тежейді. Сол төртбұрышты, түбі тегіс ойықтар кейде апталап бітелмей жатады. Тұрғындар тарапынан ойған күні неге бітеп тастамайды деген шағымдар түсіп жатады. Мұны мердігердің салғырттығына жатқызамыз ба, әлде, шұңқыр бітеудің әдісі солай ма? Григорий Ботнар бұның нақты себебін айтты.

– Шұңқыр бітеу – аса күрделі жұмыс емес. Сондықтан, осы жұмысты қала бойынша тек бір мердігер ғана атқарады. Ол жұмыстың көптігінен үлгермей жатады. Кейде жаңбыр жауып кетеді, немесе, ауа температурасы сәл төмендейді. Ал, ызғарда асфальт төсеуге болмайды. Сынап бағанасы ең кемі +20-ны көрсетіп тұруы шарт, – деді Григорий Ботнар.



Реформа – өміршең өзгерістер

жұмыс принципі компьютерлік бақылау технологиясына негізделген. Камералар адам мен көлік құралы пайда болған кезде реттелмейтін жаяу жүргіншілер өткелінің аймағын толық назарда ұстайды, – деді Қарағанды облысының ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және мұрағаттар басқармасының басшысы Константин Ильнички.

Бүгінгі таңда облыста ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және мұрағаттар басқармасының бастамасымен полиция департаментінің Жедел басқару орталығына қосылған 6 мыңға жуық бейнекамера орнатылады. Келесі жылы олардың санын кем дегенде 400 бірлікке көбейту жоспарланған.

Сондай-ақ, 1 шілдеде Қарағанды облысында екі мобильді жылдамдық өлшегіш іске қосылады. Олар жол полиция қызметі патрульдік машиналарында орнатылады.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан



• TAF3YM

Қаламгерден қалған із...

Қадыр ағамыз өмірге қарапайым болып келді де, сол қалпында дүниеден өтті... Атақ пен даңққа, байлық пен мансапқа қызықпады. Елбегін емді. Қалтасы жұқа журналшы болып ғұмыр бойы жортты. Ашқұрсақ күндері де көп болған шығар... Өйткені, 1936 жылы жарық дүние есігін ашқан сабидің төкқұрсақ-толық болуы да мүмкін емес. Сол бір аласапыран жылдарда өмірге еңбек барлық балалардың балалық балдаурені болған жоқ десек, артық айтқандық емес. Құғын-сүргін, сұм соғыс, тың көтеру науқаны олардың балалық шағы түгелі, жастық дәурені де жалмады. Осындай ойын-күлкісіз өскен тағдырлы ұрпақтың бірі – біздің Қадыр Жұмыш ағамыз.

Бұл кісінің балалық шағы мен жастық кезеңі өте қиын жағдайда, ауыртпалықта өткен екен. Бірге де толмаған кезінде әкесі «халық жауы» деген желеумен жазықсыз сотталып, он жылдай Сібірдің қалың ормандарында азапты күй кешкен. Анасы жесірліктің, әпкесі екеуі жетімдіктің тауқыметін тартқан. Кейін анасы басқа біреуге тұрмысқа шығып, онан өгей әженің құрығына ілігеді. Туысқан ағайындарын жағалап, құнсыз ғұмыр сүргенін өз аузымен айтып беріп еді. (Ол туралы мақаламызды 2006 жылы күз айында Қадыр ағамыздың 70 жылдық мерейтойына орай «Азия Транзит» журналына шығарып едім). Туганнан бастап ат жалын тартып мінгенше, белі бекіп, азамат болғанша көп қиындық көріп, қамқөңіл болып өскен Қадекеннің бағына қарай әкесі Иманғали Сібірдегі айдаудан аман келіп, баласын іздеп табады. Әкесі көзі ашық, көкірегі ояу, бұрын қызмет істеген сауатты жан болса керек. Жазу-сызудан да хабары бар болғандықтан ел ішіндегі оқиғаларды, күнделікті ақпараттарды газет-журналдарға жариялап тұрады екен. Мерзімді басылымда жұмыс істеген кездері де бар. Жас Қадырды жанына ерте жүріп, көп нәрсеге көзін ашады... Осындай үлкен өмір мектебінен өткен елгезек жас журналистиканың қыр-сырын жақсы меңгеріп, қасиетінің шындайды. Бір айта кетерлігі, Қадырдың өзі мектепте де, жоғары оқу орнында да орысша оқығанымен, қазақша-орысша екі тілде мақалалар жазып жүреді. Қазақ тілді және орыс тілді басылымдарда бірдей жұмыс істеген. Аудармамен де өте жақсы айналысқан.

Меніңше, Қадыр аға тумысынан қаламгер болып жаратылған жан сияқты. Сол зейіні мен бейіміне әкесі Иманғали алғашқы болып ұстаздық етті. Сосын Алматыдағы ҚазМУ-дың журналистика мамандығын сырттай оқығаны және қайнаған өмірдің өзі қалыптастырып, дамытты. Өзін қаламгерлікке баулыған, Қазақстан Журналистер одағына мүшелік дәрежесіне дейін көтерген әкесі Иманғали Жұмыштың ит жеккен жерде он жыл азап құрсауында болғаны жайында қазақша-орысша қос тілде «Азап пен азат», «В неволе и на воле» деген естелік кітап жазды. Осы естелігінің ішінде: «Журналистикада қандай да бір жетістіктерім болып жатса, соның бәріне әкем Иманғалидің арқасында жеттім», – деп әкесіне үлкен құрметін білдіреді.

Қадыр ағамызбен менің таныстығым 90-жылдардың басында болды. Ол кезде мен «Замандас» жастар апталығында жұмыс істейтінмін. Сол уақытта Қадекеннің «Құтты мекен – Қарағаш» дейтін экологиялық очеркі газетіміздің бірнеше нөміріне шығып еді (Кейін кітап та болып жарық көрді). Мұнан соң да «Орталық Қазақстан», «Азия Транзит», тағы басқа газет-журналдардан ол кісінің жазбаларын оқып жүрдім. Күнделікті газеттің қым-қуыт жұмыстарымен жүрсек те, ара-арасында уақыт тауып, Қадыр ағамызбен әңгімелесетінбіз. Қадекеннің ең ғажап қасиеті – қарапайымдылығында жатыр. Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет көрсетіп жүрді. Өзіл-қалжыны да бір басына жетерлік болатын. Кездескен сәтте ашық-жарқын амандасып, бәрімізді күлдіріп



алатын. Сондай позитивті адам болды.

Ағамызбен жақын, етене араласқаным – 2000 жылдардың басында «Азия Транзит» дейтін журналда істеп жүрген кезде еді. Ай сайын шығатын республикалық журналға жан-жақтан материалдар түсіп жататын. Дегенмен, Қадыр ағаның жазғандары жиі жарық көретін. Себебі ол, сол «Азия Транзитті» өте жақсы көрді. Әр нөмірін асыға күтті. Бір нөмірге екі-үш материалдан беріп тұрды. Біздің редакцияда жартылай штатта жұмыс істеді, меншікті тілшісі болды. Сол тұста бір байқағаным, Қадекен бұрқыратып жазды, бірақ осы еңбегіне ақы сұрамайды. Журналда қаламақы болмаса да, редакцияда жартылай штатта жұмыс орына аз да болса айлық талап етуіне болатын еді. Қадекен қарапайымдылығына салып, өз нәпақасын да іздемеді. Бірнеше жылдың жүзінде ерікті (волонтер) есебінде қызмет етті. Өте еңбеккер адам екендігін осындай шағын детальдардан да аңғаруға болады. Менің алдымда «Азия Транзит» журналына редактор болған Салауат Кәрімов, Сағатбек Мұғалимжан есімді азаматтар да Қадекенді «өнімді журналист» деп үнемі мақтап отыратын. Сағатбек марқұм

маңайына кілең қарт қаламгерлерді жинап алып, солардан ақыл-кеңес тыңдап отырушы еді. «Азия Транзиттің» ақсақалдары!» деп, ол кісілерді қадірлеп, төрге оздыратын. Осы қарттардың ішінде Қадыр ағамызды ерекше айтып жүрді. Шынығында аталмыш журналға журналист Қадыр Жұмыштың зор еңбегі болғанын бәрі растайды. Бүгінгі күні әр-әр жердегі мұрағаттарда «мұңайып» жатқан «Азия Транзиттің» кез келген нөмірін тауып алып, ашып қалсаңыз, Қадекеннің материалдары жарқ ете қалады. Қаламгердің қаламына сол кездегі қоғамдағы барлық оқиғалар, барлық ақпараттар мен түрлі құбылыстар ілінгені сөзсіз. Өндірісті де, өнерді де өндірте жазды. Әлеуметтік саланы да, спортты да қаузады. Қысқасы, қаламгер Қадыр Жұмыштың қанатты қаламы барлық саланы қамтыды (Осының өзі ғылыми айналымға сұранып тұрғандай...)

2006 жылы ағамыз жетпіс жасқа толғанда, мерейтойын балалары жасап берді. Сол тойда «Азия Транзит» ұжымы авторымыздың арқасына шапан жауып, ақ тілегіміз бен арнау өлеңімізді оқығанымыз есімде қалыпты. Сонымен қатар журналдың бір нөмірінің мұқабасына портреттік суретін беріп, ағамыз жайында арнайы материал жазғанбыз. Сол күнгі ағамыздың қатты қуанғаны, балаша мәз болғаны да көз алдымызда...

Сөз басында Қадыр ағамызды – тағдырлы жан дедік. Оның мәні – бала күнгі, жастық шағындағы көп қиындық қана емес, қартайған кезінде де сол қиындықтан, ауыртпалықтан арыла алмады. Үміт артқан ұлы Марат 42 жасында көз алдында жүректен кетті... Онан кейін қызы Айгүл ауырып, өмірден өтті... Сосын өмірлік жары Бағаш тәте дүниеден қайтты... Осы қабат-қабат қайғының бәрі Қадекеннің нәзік жүрегіне инедей қадалып, жалғыздықтың мұң-зарын кешті... Бірақ, жасынан қиындыққа қақталып, шермен шынығып өскен Қадағамыз соның бәрін екі иыпкен көтерді. Тосыннан келген қайғы-қасіретке қарсы тұрып,

өзін-өзі ұстап-сақтап қалды. Езілмеді, сынып кетпеді. Қарапайымдылығы мен қайсарлығы қосылып, сабырлыққа жол ашты. Сөйтіп, тағдырлы ғұмырының биік белесінде, былтырғы, яғни, 2023 жылдың маусым айының соңында фони-жалғаннан мәңгілік-бақиға аттанды... Осыдан тура бір жыл бұрын. Сондағы «Орталық Қазақстан» газетіндегі қазанамадан сәл үзінді келтірсек: «88 жасқа қараған шағында қаламгер, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Қадыр Иманғалиұлы Жұмыш өмірден өтті. Ол Алматыдағы С.Киров атындағы ҚазМУ журналистика факультетін бітірген соң еңбек жолын «Орталық Қазақстан» газетінде корректордың көмекшісі болып бастап, одан әрі Қарағанды облыстық телевидениесінің «Жаңалықтар» редакциясының редакторы, Саран қалалық радиосының жауапты редакторы, облыстық С.Сейфуллин атындағы қазақ драма театрының әдебиет бөлімінің меңгерушісі және облыстық «Индустриальная Караганда», аудандық «Шұғыла-Восход», «Городская газета», «Азия Транзит» және тағы басқа басылымдарда тілші, бөлім меңгерушісі, аудармашы қызметтерін атқарды. Журналистика саласына 58 жыл өмірін арнаған қаламгердің экология тақырыбына арнап жазған очерктері «Аялы алақан», «Табиғатым – тағдырым» жинақтарында жарық көрді...» – делінген.

Қаламгер Қадыр Жұмыш өмірден өткенімен артында із қалды. Рухани із! Қай кезеңде де ұрпақтан ұрпаққа керегі – осынау рухани уыз ғой! Уақытпен жарыса, бар саналы ғұмырын журналистикаға арнаған, шығармашылыққа бағыштаған қайран Қадеке, жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа болсын! Рухыңыз шат болсын!

**Әлімжан ҚҰТЖАНҰЛЫ,
Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті журналистика кафедрасының аға оқытушысы**

Сурет автордан

• ЖЕРЛЕСІМІЗ, ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК СІЦІРГЕН ҚАЙРАТКЕРІ, АКТЕР БОЛАТ ЫБЫРАЕВ – 70 ЖАСТА

Сенімді азамат

Н.Гоголь атындағы облыстық кітапханаға кіріп, «Астана ақшамы» газетінің тігіндісінен өткен жылдың соңғы айының беттерін парактай бастадым. Тақырыптан гөрі афоризмге көбірек келетін «Сахна адалдықты сүйеді» деген мақала жаныма жылы көрінді. «Сұхбат беруші Қ.Қуанышбаев атындағы академиялық қазақ драма театрының актері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Болат Ыбыраев» деген жазуды көргенде, «Өзіміздің Болат қой, атақ алған екен...» деген қуанышты сезім бойды баурап алды. Көз алдыма санау 1979 жылы Алматы Театр және көркемсурет институтын (қазіргі Т.Жүргенов атындағы өнер академиясы) бітірген екі бозбала келе қалды. Қазір екеуі де – қазақ сахна өнерінің айтулы тұлғалары. Бірі С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ драма театрының белгілі актері Еркеғали Байдешов болса, екіншісі – мақаламызға арқау болғалы отырған Болат Қалыбекұлы Ыбыраев.

**«Ты оправдываешь надежды...»
Ә.Мәмбетов,
Халық қаһарманы**

Болаттың С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық қазақ драма театры сахнасында тұсауы кесіліп, сахна көгіне томағасын сыпырып ұшырған алғашқы рөлі театрдың көркемдік жетекшісі Ж.Омаров қойған Қ.Исабаевтың «Сандар сыры» драмасындағы Қобылан болатын. Жас актер өз рөлін таланттының ұшқынын жалындытып, бойындағы табиғи дарынымен арнайы білімін ұштастырып, ауыз толтырып айтатын қомақты кейіпкер етіп сомдады. Алғашқы аяқ алысынан-ақ үлкен сахнаға лайықты актер екендігі сезілді. Қарағанды көрермендеріне ерекше әсер еткен рөлі режиссер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Е.Тапенев қойған драматург Д.Исабековтің «Әңке» драмасындағы Тимур. Тимурды екеуіміз қатар дайындадық. Бірақ, Болаттың кейіпкеріне деген ыждаһатты дайындығы, сахнаға деген құштарлығы, Тимур рөліне деген ғышықтығы менің жол беруіме тура келтірді. Өйткені, әр репетицияға жаңалық әкеліп отырды.

Он жылдай сахнада бірге қызмет істеген уақытта Болат бірнеше образ сомдады. Ерекше шабытпен ойнаған кейіпкері режиссер Е.Тапеневтің қойылымындағы Н.Гогольдің «Үйлену» комедиясындағы Жевакин. Әлем мойындаған драматургтің айтар ойы адамзат таңғаларлықтай ұшы-қиырсыз, көлемді, түпсіз терең болмай ма?! Ондай дүниелерді сомдауға алып келерлердей ой-өрісі кең, талантымен қоса білімі терең актер болмаса, өзен-көлде жүзетін қайықтардай

алғашқы толқыннан-ақ су түбіне кетеді. Болаттың табиғи таланты, Ш.Жандарбекова, А.Әшімовтердей айтулы сахна санлақтарынан алған білімі, ізденімпаздығы, сахнаға деген құштарлығы бәрі бір жерге тоғысып, ұлы драматургтің әйгілі шығармасындағы Жевакин рөлін жаңа қырынан жарқыратты. Сол спектакльді дайындауда режиссер Е.Тапенев жас актерлерді Москваға бір айлық білім жетілдіру курсына алып барып, профессор М.Новожилиннің шеберханасында дайындады.

Кешкі бос уақытымызда Москва театрларына барып, көптеген спектакльдер көріп, актерлермен сұхбаттастық. Сонда Болат Кіші театр, Таганка, А.Пушкин, Ленком, Моссовет, М.Ермолова театрларынан орыс классиктері Островский, Лесков, Гоголь, Чехов спектакльдерін көріп, қанаттанып келетін. «Біз мыналардың қасында тек сөзін айтып ойнайды екенбіз ғой, нағыз шеберлік, кейіпкер сомдау дегендерің мыналарда ғой», – деп таңғалып басын шайқайтын. Көргендеріне тамсанып қана қоймай, шеберліктерінің ұтқыр тұстарын бойына қабылдап, үйреніп, мол тәжірибе алып қайтты. Соның дәлелі Жевакин образының өзіндік жолмен ерекшеленіп, бұрынғы сомдаған кейіпкерлерінен айрықша биік те тұрғаны. Биікке көтерген тек таланты емес, Москва актерлерін көргеннен кейінгі ұлттық намыс екені сөзсіз!

Өзі көпшілік ортасында көңілді болғанымен, шулы тобырға, орынсыз басқосуларға аттап басапайтын тура жолшы. Өмірде, театрда өзінің жанына жақын адамдар бар, солармен әңгімелесіп сыр бөліседі, араласады. Әгіресе, жаңалыққа құмар, кітапты көп оқытын Қайрат, Сейтжан, Сансызбай сияқты қатарластарымен көбірек араласып,



қалжыңдасып жүретін. Қайрат поэзияны сүйсе, Сейтжан мен Сансызбай Ян, Кожеников, Есенберлин кітаптарын сұрап, тарихи шығармаларды іздеп жүріп оқитын.

Бірде гастрольде ауылдық жердің клубында тар жерде киімнің ілетін қолжазғанды бос орын болмаған соң, биіктеу қағылған шегеге Болаттың бойы жетпей, секіріп іле алмай жатқанын көрген Қайрат: «Әкең, қортық, сенен гөрі мен биікпің ғой» деп маңғазданып, киімін алып іліп қойды. Болат баппен бәріне естірте: «Сен менен биік емессің, ұзынсың», дегенде, Қайрат сасып қалып: «Өй, сен де оқыған екенсің ғой, молодец! Бұл Наполеон Бонапарттың көмекшісіне айтқан сөзі еді, бойым ұзын болған соң бір кәдеге жарап қалар деп сақтап жүр едім, сен менің алдымды орап кеттің», – деп бәрімізді күлдіргені бар. Шынығында да, Болат кітапқұмар, кейіпкеріне қажетті материалдарды теріп жүріп оқып дайындалатын, сондықтан да көбіне ойланып, «саяқ» жүреді. Терең ойда жүретін адамдар көбіне жалғыздықты сүйеді.

Актердің бағы теориямен қаруланып, жалынды театрға келгенде алдынан талантты режиссер шыға келсе ашылады. Көбіне ой денгейі актерден төмен, қалың мұзды бұзып жарып өте алмай кептеліп қалған кемедей өзін тартып шығаратын «бухрис» жүреді. Терең ететін режиссерлер кездесіп, жас таланттардың арман мен үмітінің жүзі майыршылып қалатыны да болады. Ал, Болаттың жолы болды. Ең

алғаш ерекше талантты, қажымас еңбеккер, керемет ұйымдастырушы, үлкен қамқоршы Жақып Омаровтың кездесуі Болаттың болашақ еңбек жолының шарықтауына кең жол ашты. Жақаң Болатқа сенді, Болат Жақаңа сеніп етегінен ұстаған күйі айырылмады... Орта жолда тастамайтынына, суға батырмайтынына бек сенді. Сенгенінің арқасында 1990 жылы Ақмола қаласында қазақ драма театры ашылғанда, Жақып Омаровқа еріп, қазіргі Қ.Қуанышбаев атындағы академиялық қазақ драма театрының шаңырағын алғаш көтерушілердің бірі болып келді. Содан бері үзіліссіз бүгінгі күнге дейін еңбек етіп келеді. Көптеген режиссерлермен қызметтес болды. Әсіресе, қазақ сахна өнері алыптарының бірі, ұлттық режиссураның көшбасшысы болған Халық қаһарманы Әзербайжан Мәмбетовпен қоян-қолтық еңбек еткен уақыт Болаттың өміріндегі ең сәтті кезеңі. Әлемдік дәрежедегі режиссердің әлем драматургиясындағы інжу-маржандарымен сусындап, әр актердің өмір бойы армандап қолы жете бермейтін А.Чеховтың «Ваня ағайындағы» Войничкий, Ш.Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ күн» спектакліндегі өте күрделі тұлға Едіге, Дель Мардын «Баянсыз бақ» қойылымындағы Мистер Купер образдары Болат шығармашылығы белестерінің биік шыңы болып, ұлттық театр тарихында қалды. Ұлы режиссердің ғажайып спектакльдерінің көлеңкесінде қалып қоймай, актер Болат Ыбыраев та жарық

рай көрінді. Автордың ойы, режиссердің шешімі, актердің ойыны ұштағандай сахнадағы сәйкестік пен үйлесім симфониясының үлгісін көрсетіп көрермендерге ләззат сыйлады.

Болат режиссер таңдамайды. Қайсысымен болсын, шығармашылық тусынсіздікпен терең ойлап, ортақ шешімін тауып қызмет істейді. Оған басты рөл, эпизодтық рөл деген жоқ. Жоқтан бар жасайтын еңбеккер, ізденімпаз актер Қ.Қуанышбаев театрының сол кездегі көркемдік жетекшісі, талантты ұйымдастырушы, халық артисі Т.Теменов өз мақаласында: «Кімді ойнағыңыз келеді?» дегенде «Шекспирден Ричард пен Король Лирдің бірін», деп жауап берген Болат шынығында да сол дәрежеге жетті, кемеліне келді. Ойы да, шеберлігі де, тәжірибесі де толықсып, талантты алдаспандай шындаған кезі.

Талай актерлердің бағын ашқан режиссер Ә.Мәмбетов «Ғасырдан да ұзақ күн» спектаклін қойып, алғашқы премьерасы болған күні сахнаға келді. Әншейінде ешкімге «идиоттан» басқа жылы сөз айтпайтын Әз-аған, Болаттың Едігесіне риза болғаны сондай: «Ты оправдываешь надежды...» деп бағалауы Болаттың шеберлігіне, еңбеккерлікке ізденісіне риза болғаны ғана емес, болашақта да үлкен сенімді ақтайтын үлкен актердің қалыптасқанына деген сенім мен мақтанш деп білемін. Көбіне орыс тілінде сөйлейтін ұлы ұстазға (мен театр студиясында оқығанда, біздің директорымыз болған): «Да, вы правы, учитель, он и в жизни, и на сцене надежный человек», дегің келеді. Өйткені, аяулы жары Махпузамен сахнада да, өмірде де қол ұстасып, қиындықтарды бірге бөлісіп, балаларын өсіріп, немере сүйіп отырған Тәуелсіз еліміздің бақытты отбасы. Бір-біріне сенімді, адал жандар. Болат айналасындағы адамдарға сенді, әріптестеріне, достарына сенді, болашаққа сенді. Біз адал да ақкөңіл, кішіпейіл де қарапайым, талантты да өмірге құштар Болатқа сенеміз. Өйткені, Болат Ыбыраев – сенімді Азамат!

**Кенес ЖҰМАБЕКОВ,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты,
Қазақстанның еңбек сіңірген артисі**

Сурет кейіпкердің жеке мұрағатынан

• БӘРЕКЕЛДІ!

Еуропа төрінде – Қазақ өнерінің «Салтанаты»

Қарқаралыдағы елу бес жылдық тарихы бар «Салтанат» халықтық ән-би ансамблі бәрімізге жақсы таныс. Кезінде арнайы шақыртулармен жарты әлемді шарлап, қазақтың халықтық өнерін талай елге танытқан өнер ұжымы кейінгі жиырма жылдың мұңдарында алыс сапарлардан шектеліп қалғандай еді. Жақында ансамбль Польшада өтетін халықаралық «Świat Pod Kyczerą» фольклор фестиваліне шақырту алып, Қарағанды облысы мен Қарқаралы ауданы басшылығының қолдауымен сол өнер байқауына аттанып кетті.

Болатбек ӘШМУЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жарты ғасыр ішінде өнер ұжымының құрамы әрдайым толысып, жаңарып отырғаны белгілі. Осы жолы танымал өнер майталманы Темірбек Сыздықов даярлаған, отыз бес адамнан құралған ән-би ансамблі Еуропа төріне мықты эзирлікпен аттанды. Репертуары бай тәжірибелі ансамбль поляк елінде лайықты өнер көрсетіп, қазақтың әні мен биіне әлем

халқын тамсандырып қайтарына сенімдіміз.

Дүниенің әр түпкірінен жиналған өнер ұжымдары алдымен бірнеше топқа бөлініп, Польшаның Легница, Лосице, Шпротава, Польковице, Хойнув, Верчице, Волув, Поляница-Здруй, Рудно, Заменце елдімекендерінде концерт қояды. Бұлардың біразы қалалар, кейбірі қала үлгісіндегі шағын қоныстар. Фестивальдің бір ерекшелігі – оған қатысушы өнерпаздар сахнада ғана емес,



әр қаланың орталық көшелерінде болатын халықтық шерулерге де қатысып, өз елдерінің өнерін паш етеді. Ұйымдастырушылардың негізгі мақсаты – дүние жүзінде әлем халықтарының ұлттық

дәстүрлері мен өнерін дәріптеп, бейбітшілік идеяларын насихаттау. Фестивальда әр мемлекеттің өкілдері өз халқының сахналық өнерімен қатар салт-дәстүрлерін, ұлттық колөнер және тағам өнім-

дерін де насихаттай алады.

«Салтанат» ән-би ансамблі фестиваль бағдарламасы бойынша негізінен Легница қаласында өнер көрсетеді. Фестиваль шырайын Гала-концерт, басқа да мерекелік

кештер аша түспек. Он күнге созылатын өнер мерекесінің аясында жерлестеріміз Легница қаласы басшылығының құрметті қабылдауында да болады.

Фольклорлық фестивальдің салтанатты жабылуы 7 шілде күні болады деп жоспарланған. Айтқандай, осынау өнер додасының барысы «Świat Pod Kyczerą» халықаралық фольклор фестивалінің әлеуметтік желідегі парақшалары мен арналары арқылы тікелей эфирден көрсетіліп отырады.

«Салтанат» халықтық ән-би ансамблі ұжымының Еуропа төрінде сәтті өнер көрсетіп, елге аман-есен, абыроймен оралуына тілектеспіз!

Қарқаралы ауданы

Суретті түсірген
ТШБЕК ХАМИТОВ

• ҚҰРМЕТ

Әскери бөлімге батыр есімі берілді

Қарағандыдағы 52859 әскери бөліміне Кеңес Одағының Батыры Мартбек Мамыраевтың есімі берілді. Мартбек Мамыраев – жауынгерлік ерлігімен ғана емес, ерен еңбегімен де ұрпаққа үлгі бола білген тұлға. Қарағанды көмір өнеркәсібінің дамуына да үлкен үлес қосқанын атап өткен жөн.

– Біздің әскери бөлімге батыр есімін беру – аймақтың барлық әскери қызметшілері мен тұрғындары үшін айтулы оқиға болды, – деп атап өтті 52859 әскери бөлім командирінің міндетін уақытша атқарушы Рустам Осипов.

Алдымен, әскери қызметшілер шеру алаңында альпинисттік жабдықты қолдана отырып мығым дайындығын көрсетті. Сонымен қатар, арнайы техника көрмесін ұйымдастырып, жылыған жұрттың назарына ұсынды. Көпшіліктің құрметіне Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің әртістері өнер көрсетті.

Ал, Мартбек Мамыраевтың қызы Клара әкесі туралы естеліктерін бөлісті.

– Әкем – өте патриот жан, еңбеккер, кітап оқығанды ұнататын. Өмір бойы бізге үлгі болды. Әкем

туралы естеліктерімді ұрпақтарыммен бөлісуге тырысамын. Еңсесін тік ұстап, батырға лайық өмір сүрді. Адал еңбек етті. Оның есімі әскери бөлімге берілгеніне ризамыз, – деді ол.

Бұдан бөлек, даңқты атасын Апель Мамыраева да мақтан тұтатынын айтады. Ол атасы сияқты батыр әрі еңбекқор болғысы келетінін де жасырмады.

Мартбек Мамыраев – 1908 жылы 7 наурызда Қарқаралы ауданында дүниеге келген. Оның еңбек жолы Қарағанды көмір өндірісімен тығыз байланысты.

Ұлт перзенті 1942 жылы өз еркімен майданға аттанған. 1943 жылы қыркүйекте Днепр өзені бойындағы шайқас кезінде 12-атқыштар дивизиясының 32-атқыштар полкінің пулеметін басқара отырып, жауынгерлік ер-



лік жасайды. Ол – Армия бөлімшелерінің өтуін қамтамасыз етумен қатар, фашистердің бірнеше шабуылына тойтарыс берген қай-

сар батыр. Ауыр жараланып, елге оралған соң еліне қалтқысыз қызмет етті.

Өз тілшімізден

• ТАҒЫМ

Рух алаңы ашылды

Жақында Шет ауданына қарасты Босаға ауылдық округінің тұрғындары ерекше қуанышқа кенелді. Тарихи тамырлы ауылда екінші дүниежүзілік соғысы мен Чернобыль апатының зардабын жоюға және Ауған соғысына қатысқан ардагерлерге арналған Даңқ алаңы ашылды. Бой көтерген нысанда ардагерлердің есімі қашалып жазылған ескерткіш тақта орнатылған.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кірпіштен өріліп, гранитпен қапталған, бой көтерген 3 бөлімнен тұратын тақтада әр рухты жандардың есімдері жазылған. Атап айтқанда, ардагерлер бөлімінде Ұлы Отан соғысында қаза тапқан боздақтардың есімдері, соғыстан оралып, туған жердің әл-ауқатын көтеруге атсалысқан еңбек ардагерлерінің тізімдері енгізілген. Сонымен қатар, келесі екі бөлімінде



Чернобыль апатының зардабын жоюға және Ауған соғысына қатысқан ардагерлердің есімі де тасқа қашалып жазылған.

Алаңның ашылу салтанатына қатысқан Шет ауданының әкімі Мұхит Мұхтаров ел игілігіне берілген нысан өскелең ұрпақтың елдің өткен тарихын танып-білуіне ықпал ететіндігін атап өтті.

– Бүгін Босаға ауылдық округінде еңселі ескерткіш орын алған алаңның ашылуы – жергілікті халық үшін зор қуаныш. Сонымен қатар, ұрпақтардың бірлігіне және патриоттық құндылықтардың қалыптасуына ықпал етеді деп санаймын. Ауыл жұртшылығын қуанышты күндерімен шын жүректен құттықтаймын! Осындай іске бастамашы болған, айтулы әлеуметтік нысанды қаржыландырып, құрылысын жүргізген «Тау» шаруа қожалығының жетекшісі Қанат Түсіпбековке алғысым шексіз! – деді аудан басшысы Мұхит Мұхтаров.

Сонымен қатар, ажарлы алаңмен бірге ауылдағы футбол, хоккей кортының ашылу салтанаты өтіп, спортшылар арасында жолдастық кездесу өтті.

– Шындығында, Босаға ауылының қазіргі көркіне қарап, көз тойды. Күннен-күнге құлпырып келеді. Ауылға осылай көңіл бөлінетін болса, қалаға ешкім құмартпас еді. Өйткені, қазір ауылымызда қаланың ауаларында бар дүниенің барлығы бар. Енді ауылдың жас өскіндері жаңа әрі жайлы шағын футбол алаңында футбол

ойнап, бос уақытын тиімді өткізе алады. Өмірі ерлікке толы балаларының аты жазылған Даңқ алаңы енді жаңадан отау құрған жас отбасылардың тәу етер киелі ошағына айналды сөзсіз. Ауылға жасалған осындай қамқорлықтың кәдірін біліп, осы дүниенің бәрін күтіп ұстау – аса маңызды. Ауылымыздың 90 жылдығы қарсаңында қолға алынып жатқан бұл шараларға ауылдың азаматтары да өз үлесін қосып жатыр. «Туған жеріңе пайданды тигізбесең, азаматтығыңа сын» деп туып-өскен өлкелерінің гүлденуіне құлшына кіріскен. Енді ауылдың кітапханасы да жайлы. Полиция қызметіне де жағдай жасалған. Ең бастысы, денсаулық қой. Емделу үшін аудан орталығына сенделмейтін болды. Ауылдың жолдары жап-жақсы күйге енген. Осылай игі істер жалғаса берсе, ауыл бұдан жа гүлдене түсері анық. Енді, сол спорт алаңдарында өскен балалардың арасынан небір чемпиондар шығалы деп сенеміз, – дейді ауыл үлкендері.

Шет ауданы

Суреттер әкімдіктің сайтынан

• ЛЕБІЗ

Полицияға алғыс білдірді

Қарағанды қаласындағы көпқабатты үйдің тұрғындары учаскелік полиция қызметкеріне кәсіби біліктілігі үшін алғысын білдірді. Өйткені, полиция қызметкері оларды нағыз ер азаматқа, кәнігі маманға тән әрекетімен тәнті еткен.

Кеншілер астанасының тұрғыны Эльмира Байтөсованың атынан Қарағанды облысының полиция департаментінің бастығы Нығмет Исмағұловтың атына алғысқа толы хат келіп түсті.

Эльмира Әлихан Бөкейхан ауданы, 12 ықшам ауданда орналасқан №41 үйдің тұрғындары атынан Қарағанды қаласы полиция басқармасы, Әлихан Бөкейхан аудандық полиция бөлімінің учаскелік инспекторы Ақмұрат Айтқұловқа шексіз алғысын білдірді.

Сонымен қатар, белгілі журналист танысының әлеуметтік желідегі парақшасында оның себебімен бөліскен. Айтуынша, мұнда аталған үйдің тұрғындары-

ның денсаулығына байланысты үй тұрғындарына қауіп төндіретін көршісі бар көрінеді.

«Алауруу бар тұрғынның дерті қозған кезекті сәтінде учаскелік полиция инспекторы келіп, медициналық бригада шақырып, оны психоневрологиялық диспансерге алып барған. Дәрігерлер оның балаларға қауіпті көршісін ауруханаға жатқызудан бас тартқанда, ол үй тұрғындарының барлығын диспансерге бастап келген. А.Айтқұловтың кәсібилігінің арқасында енді біз өзіміздің де, балаларымыздың қауіпсіздігіне де алаңдамаймыз. Сол үшін оған алғысымыз шексіз!», – деп жазды ол.

Өз тілшімізден

Қазақстанда АЭС салу мәселесі бойынша жария талқылаулар өткізу туралы ХАБАРЛАНДЫРУ

Осымен 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділ Қазақстанның экономикалық бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында Мемлекет басшысы Қазақстанда атом электр станцияларын салу мәселесі бойынша жалпұлттық референдум өткізуге бастамашы болғанын хабарлаймыз.

Сонымен қатар, Жолдауда Қазақстан Республикасының Президенті референдум өткізу мерзімдері кейінірек белгіленетінін атап өтті. Референдум өткізу тәртібі 1995 жылғы 2 қарашадағы «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңымен реттелген.

Қазақстанда АЭС салу мәселесін талқылау мақсатында референдум өткізілгенге дейін Қарағанды облысында жария талқылаулар өткізу жоспарланып отыр.

Жария талқылауға атом саласының салалық сарапшылары қатысады. Жария талқылауларды өткізу барысында азаматтар өздерін қызықтыратын технологиялардың қауіпсіздігі бойынша да, АЭС құрылысының әлеуметтік-экономикалық аспектілері бойынша да кез келген сұрақтарын қоя алады.

Жария талқылау өткізілетін орны: Қарағанды қ., «Қоғамдық келісім» КММ, Кеншілер даңғылы, 64.

Жария талқылауды өткізу күні мен уақыты: 2024 жылғы 5 шілде сағат 15:00-де.

Барлығын қатысуға шақырамыз!

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексін, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

Қарағанды қалалық ардагерлер кеңесі Қамалтин Ескендірұлы Мухамеджановқа бауыры

ТӨЛЕУХАННЫҢ

қайтыс болуына байланысты қайғырып көңіл айтады.

Жарнама бөлімінің
байланыс телефоны
43-21-55

Электрондық
пошта:

ortalyk.kaz@mail.ru





• ПРЕМЬЕРА

«Қыз Жібек енді келгенше...»

Облыстық Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық академиялық қазақ драма театрының 92-ші маусымы жабылды. Осыған орай, театр маусымды қорытындылап, БАҚ өкілдеріне баспасөз мәслихатын өткізді. Сонымен қатар, көрермендеріне Фабиат Мүсіреповтің әйгілі классикалық туындысы «Қыз Жібек» музыкалық драмасын ұсынды. Ал, өнер шаңырағының жанынан құрылған қуыршақ труппасы өзінің алғашқы маусым жабарын өткізді.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Атакты «Қыз Жібек» музыкалық драмасын тамашалауға келген көрерменнің қарасы қалың болды. Белгіленген уақыт жетпей жатып өнерсүйер қауым театр фойесін толтырып тастады.

Ал, екінші қабатта баспасөз мәслихаты өтті. Оған облыстық «Saryaqqa» телеар-

Қуыршақ театрымен тізе қосып жұмыс істеген «Total fest» театр фестивалінің директоры Антон Зайцев карагандылық ұжымның шығармашылық қабілетін жоғары бағалады. Оның айтуынша, мұнда сапалы әрі көркем туындыларды сахналауға барлық жағдай жасалған.

– Осы ұжымда бір ай жұмыс істедім. Сәкен театрын шын жүректен құттықтаймын! Себебі, біршама жетістікке жеткен



Болашақты тәрбиелеу жолында қуыршақ театрының маңызы зор екенін атап өткізіп келеді. Көрерменнің әр санатын қамти алатын театрдың үміт күтуге болады, – деді Антон Зайцев.

Қуыршақ труппасының ашылғанына бір жылдан енді асты. Аз уақыт ішінде жаңадан құрылған ұжым «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісімен Омандағы халықаралық қуыршақ театрларының фестиваліне қатысып қайтты. Режиссері – Айдын Салбан. «Керік пенен мүйізтұмсық», «Ойыншықтар ояғанда» деген секілді түрлі қойылымдар балалар назарына ұсынылды. Қуыршақ труппасы алғашқы маусымын шығыс халықтары ертегісінің желісімен жазылған «Әли баба мен қырық қаракшы» қуыршақ қойылымымен аяқтады. Қоюшы режиссері – Антон Зайцев.

Қазақ театрының негізін қалаған Қалибек Қуанышбаевтың 130 жылдығына орай «Сын шын болсын» екінші республикалық театр фестивалі де Сәкен театрының қабырғасында дүркіреп өткен еді. Бұдан өзге де фестивальдерге қатысып, түрлі жүлделерді иеленді. Бұл маусым театр үшін олжалы болды.

Сәкен театры осы жетістіктермен тоқтап қалмақ емес. Алда аukumды жоспарлар баршылық. Мәселен, театр басымылығы баспасөз мәслихаты барысында облыстық «Saryaqqa» телеарнасымен ортақ меморандумға қол қойды.

Меморандум аясында телеарна Сәкен театрының премьералық қойылымдарынан тікелей трансляция жасайды. Сонымен қатар, жалпы репертуардағы барлық тағымдық, тағлымдық спектакльдерді телеарнаның қорына сақтайды.

– Қор – кез келген елдің мәдениеті мен тарихы үшін аса маңызды. Бұны елдің жады десек те болады. Облыстық «Saryaqqa» телеарнасының қоры облыстық арналардың ішіндегі ең үлкен қор. Іргемізде тұрған театрдың сахнасындағы әр қойылым – ертегі тарих. Осындағы әр актер ертегі тұлға деп сенемін, – деді облыстық «Saryaqqa» телеарнасының директоры Берік Дүйсетаев.

Сәкен театры музыкалық драма театры мәртебесіне жетуді көздеп отыр. Осы мақсатқа жету үшін ұжым «Қыз Жібек» музыкалық драмасын сахналады. Арқа жұрты Сәкен театрының актерлерін басқа қырынан көрді. Актерлер асқақтата ән салды. Төлеген мен Жібектің арасындағы лаулаған махаббаты әнмен жеткізді. Қос ғашықтың іңкәрлігі де, мынау опасыз жалғанға деген наласы да, Бекежандай озбыр өмір де салтанатын құрды. Ру мен рудың арасындағы тартыс та, бәрі де бәрі көрініс тапқан. Сахнадағы кейіпкерлердің барлығы дерлік тек көркем хәм махаббат тілінде сөйледі.

Өз заманының хәм дәуірінің кескін-келбетін көрсете алған туынды әлбетте ғасырдан-ғасырға жететін классикалық

туынды болмақ. Классика ешқашан өлмек емес. Ал, «Қыз Жібек» әуелі ұлы даланың даналығын сіндірген халық жанының сөзі еді. Сәкен театрының сахнасына шыққан «Қыз Жібек» карагандылық көрерменге өз биігінен көріне алды. Сырттағы жаумен емес, өз ішінде алауыз болған рулардың аласапыраны да жеткізген. Қалың Жағалбайлының ішіндегі дау мен екі ғашықтың тағдыры қатар өрбиді. Ал, сол сертіндегі Жағалбайлыға жетпей тұрған бірлік пен ынтымақ хақында Жібекті құлай сүйген, жаны мөлдір Төлеген айтады.

Жібек – қазақ қызының портреті. Жауласқан елді бір ауыз өлеңімен, наласымен тоқтата алатын дана, парасатты, сұлу, мінезі көркем. Ер жігіттің қол жетпес арманы. Төлеген – махаббаты мен сертегі адал, ержүрек, батыл, қазақ жігітінің озық үлгісіндегі.

Қойылым барысында талантты режиссер Айдын Салбанның тың ізденісі, соны мәнгер, мүлде жаңа сарынға деген ұмтылысына сүйсінумен болды. Иә, «Қыз Жібек» Қазақстанның бірнеше театрында қаншама жылдан бері қойылып келеді, қойыла бермек те. Алайда, Айдынның Қыз Жібегі режиссердің тосын шешімдерімен толығып, психологиялық тұрғыда түрлене түскендігімен дараланып тұр.

Сәкен театрының сахнасында тұңғыш рет музыкалық сүйемелдеумен (миозикл) қойылған «Қыз Жібек» көрермен көңілінен шыққанына көзіміз жетті. Арқаның ақ сарайында жуырда ғана жасақталған ұлт аспаптары және симфониялық оркестрдің (режиссері – Әбілхайыр Сағымбаев) сүйемелдеуімен орындалған басты рөлдер шынайы шыққандағы соншалық көрермен әсері қараңғы залды сәулелендіріп, жанымызды шуаққа малындырып жіберді.

Төлегеннің рөлін Сұлтан Серікұлы мен Азамат Амантай алма-кезек сомдады. Ал, Қыз Жібекті Мақпал Маусымбек пен Әнелі Сағындықова ойнады. Актер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қайрат Кемалов сахнада Сырлыбайдың ғұмырын кешті.

Суреттер театрдың баспасөз қызметінен



насының директоры Берік Дүйсетаев, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Кеңес Жұмабеков, Сәкен театрының көркемдік жетекшісі Айдын Салбан, «Тотальный театр» компаниясының негізін қалаушы және көркемдік жетекшісі, «Total fest» театр фестивалінің директоры Антон Зайцев және театрдың баспасөз хатшысы, Қазақстанның Құрметті журналисі Сағат Батырханова қатысты.

екенсіздер. Актерлік құрамның өзі мені таң қалдырды. Жұмыс істеуге өте қолайлы. Әсіресе, актерлік құрамның басым бөлігі жастар екенін көргенімде, өнер шаңырағының болашағы жарқын екеніне көзім жетті. Жеткен жетістіктерге масатанбай, одан әрі ізденетін таланттар зор құрметке лайық. Қуыршақ театрын ашып, соның репертуарын толтыру, актерлерді жасақтау, оларды дайындау – әсте оңай шаруа емес. Бұл – көп еңбекті талап етеді.

• МЕРЕЙ

Қарақойда той өтті дүбірлеген

Бұл жылы Ақтоғай ауданы үшін берекелі де мерекелі жыл болып тұр. Көптен күткен ауданның қарашаңырағы саналатын Жидебай селолық округіне қарасты Қарақойдың 90 жылдық торқалы тойы екі күн бойы көрген жұртты тамсандырып, тау мен тасқа ән салдырып, жоғары деңгейде өтті. «Тойдың болғанынан боладысы қызық» демекші, тоқсан күн бұрын дайындықты бастаған ауылдық ағайын мен көгеннен босаған қозыдай ағаштар тойдың қызығына қанбай, қимай тарқасты. Аса жоғары деңгейде ұйымдастырылған мерекенің әр сәті той қонақтарының көңілдерін көкке көтеріп, рухани демалыс сыйлады деуге болады. Бірнеше әлеуметтік нысан халықтың игілігіне мерейтой қарсаңында тапсырылды. Елуден аса қаз-қатар ақшаңқан киіз үйлер тігіліп, ас берілді. Тарихы құнды, болашағы нұрлы өлкенің 90 жылдығына арналған салтанатты шаралардың күзсі болуға игі жақсылар ат басын бұрды.

Нұрсұлтан КӨРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Көргені жақсы – көш бастайды», – демекші, мерекеге қатысушылар ауыл тарихын әріден қозғап құттықтауларын жеткізді. Ақтоғай ауданы әкімінің міндетін атқарушы Абылай Аманжолов, Қарағанды облысы мен Ақтоғай ауданының Құрметті азаматтары Сағадат Жапабайұлы мен Рымбек Жүнісов, Қарақой атанған колхоздың алғашқы төрағасы болған Аманқұл Сыбанұлының туған қызы Дамаша Әміржанова өздерінің құттықтау сөздерін естелікпен тамырландырып, ұрпақ үшін ұлағат боларлық пейілдерімен бөлісті.

– Жыланды тауының бөктерінде орналасқан Қарақой кешегі әкелеріміздің ізі қалған, шешелеріміздің от жағып, күл төккен құтты мекені. Бүгінде балқаштықтарды тұшы сумен қамтамасыз етіп, тұрғындардың шексіз алғысына кенеліп отырған Тоқырауын өзенінің өзі бастауын Қарақойдың іргесінен ағып өтетін Егізқойтас өзенінен алады. Мынау Қарақойдың шекарасында айнала қоныс тепкен «Ақсай», «Сабырбай», «Қарасу», «Айқай», «Тінілі», «Қушоқы», «Қызылшоқы», «Басқора», «Шекеме», «Қызылқұдық» қыстақтары мен Тескенсу су қоймасын мекен еткен ағайын бүгінгі

тойды ұйымдастырып, туған жерге тағзым етіп жатырсыздар. Аға буын үшін бұл жер жұмақтан кем емес. Осы топтырақ кіндігіміз кесіліп, өмір жолымыз басталды. Жалғандағы жердің жұмағы – «Қарақой». Олай болса, оны қалай ұмытайық?! Жақын түгілі жатқа да жайлау мінез танытқан қадірлі ауылдастарым, туған жеріміздің тоқсан жылдығы құтты болсын!», – деді Рымбек Жүнісов.

Өзіндік мол тарихы бар өңірдің тойын өткізуге атсалысқан көпшіліктің еңбегі ескерілді. Бірқатар азаматтар аудан әкімінің Құрмет грамотасы және Алғыс хаттармен марапатталды. Қарақойдың мерейтойына орай белгілі ұстаздар, өлкетанушылар мен журналистер ауыл тарихы тақырыбындағы еңбектерінің басын қосып, кітап шығару ісін қолға алған болатын. Салтанат аясында «Кастерлі мекен Қарақой» атты кітаптың тұсаукесері өтті. Белгілі меценаттар Рымбек Жүнісов, Қайрат Төкішовтің де-меушілігімен, ауыл халқының қолдауымен шыққан кітапты құрастырған және кітап материалдарын әдеби өңдеген ауыл тумасы Амангүл Қауымбекова.

Ұйымдастырып, шараның басы-қасында жүрген азаматтардың айтуынша, дүбірлі той өткізіп, ас беру 2 жылдан бері жоспарда болған екен. Дүбірлі думанда көптің назары мерекелік концертте болды.



Ақтоғай ауданының тумалары, қазақ ән өнерінің жарық жұлдыздары Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Амантай Жұмашев, ҚР Мәдениет саласының үздігі Нұрай Танабаев, Е.Рахмадиев атындағы Астана Мемлекеттік академиялық филармониясының Бас директоры, Қарақой ауылының тумасы Ерлан Дәкеновтің орындауындағы әуезді әндер мереке шырайын кіргізіп, жиналғандарға ерекше рух сыйлады. Сондай-ақ, Ерлан Дәкеновтің шашауын көтеріп келген астаналық әншілер, ҚР Мәдениет саласының үздігі Сәулежан Тағзия, Халықаралық байқаулардың лауреаты Нұрсұлтан Алмастың және жергілікті «Тоқырауын толқындары» ансамблінің концертін тамашалаған аймандар күннің ыстығына қарамай, өнерге құрмет көрсетті. Ақын Қойлыбай Асан-

ның сөзіне жазылған композитор Қуандық Сәденовтің «Қарақой – құт мекенім» әнінің де тұсауы осы тойда кесілді.

Тойдың көркі делебені қоздырып, рухты аспандатқан спорттық іс-шаралар болды. Ата-бабамыздан мирас болып келе жатқан аламан бәйге, қазақ күресі, қол күрес, кір тасын көтеру, арқан тартыс сынды ұлттық спорт ойындарын тамашалап, оларға жәрмеңке ұйымдастырылды. Күн райы да ашық болып, шараның өз мәнінде өтуіне септігін тигізді. Шапқан сайын екіленіп, шаршы топтан қара үзетін, шашасына шаң жұқпаған кешегі Құлагерлердің ізбасарлары ат сүйер қауымның делебесін қоздырды. Көрермен бәйгеіңің барлық түрін сағаттап, тапжылмастан тамашалады. Аламан бәйгеде алдына қара салмаған Шет ауданы Кеншоқының «Көк-

дауыл» атты Нұрбек Төребековтің жүйрігі мәреңі бірінші болып кесіп өтіп, 1 500 000 теңгені еншіледі. Ал, екінші орынға Ұлытау облысының «Байқасқа» атты Еркебұлан Өміртаевтың тұлпары, үшінші орынға Жамбыл облысының «Нұр» атты Сатжан Әседілдаевтың қылқұйрығы тұрақтады. Төртінші орынды «Айфон» есімді, бесінші орынға «Байқасқа» атты жүйрік иеленді. Жоғары деңгейде жалауы желбіреген күрес бәсекесі талайларды тамсандырды. Спорт сүйер қауым қазақ күресінен өтетін долданы сағынып та қалыпты. 60 келі салмақта қарақойлық Арнұр Көмекбай және 70 келіде Әбілхайыр Мәуленің, 80 келіде Бауыржан Хуанған Қарақойдың балуаны Бас жүлдені иеленді. Кір тасын көтеруде қос 24 келі кір тасын 69 мәрте көтерген Данияр Сейсенов еншіледі. Арқан тартыста «Қарақой арландары» жеңімпаз атанды. Ерлер арасында қол күресте жаңаарқалық Бекзат Серікбол, әйелдер арасында қарақойлық Қуаныш Карбозова чемпион болды. Ұлдар арасында «Жидебай» командасы және қыздар арасында «Жидебай» командасы Бас жүлдені жеңіп алды. Сондай-ақ, садақ атудан құралайды көзге атқан мергендер марапатталды.

Тұс ауа ауыл мерекесіне арналған ауылдас-жерлестердің қатысуымен дайындалған концерт күн көкжиекке еңкейгенше толастаған жоқ. Ерекше форматта өткен концертте Қарағандыдан арнайы келген Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестігінің әншілері және Қарақойдан түлеген әншілер Ақкыз Құнарбекова, Дамир Жанғұтты, Ерганап Есенгелді, Нұрлат Қуатбеков, Нұрғас Төлегендер ағайынды сырлы да сұлу әнге бөледі.

Осылайша Қарақой ауылының алыс-жақындағы ағайынның басын қосқан тағылымы зор шара ретінде жұртшылық жадында қалды.

Ақтоғай ауданы

Сурет ұйымдастырушылардан

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryaqqa Ararat» ЖШС

Директор –
Қайрат Жүнісов
ӘБИДА
Директордың орынбасары –
Оксана Вячеславовна
МЯГКИХ

Бас редактор –
Е.К. МУСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-35-37
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтық, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген (®)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К218VRY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalik.kz@gmail.com; ortalik.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalik.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJIBKZХХ БИН 000840001412

Таралымы 5 508

№ 72 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Кәлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сатбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Салтанат ШИЯЗ**